

КЕЛІСІЛДІ»
Қамқоршылық кеңесінің
төрайымы:

«__» _____ 2025 ж.

«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры

А.Қ.Ешмағамбетова
«__» _____ 2025ж.

«__» _____ 2025 ж №1
педагогикалық кеңестің
шешімі негізінде

Ақтөбе қаласының «Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесін
2025-2030 жылдарға арналған
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мазмұны

Кіріспе

I-бөлім. Мектепті дамыту бағдарламасының паспорты

II-бөлім. Бағдарламаның талдамалық және болжамдау негіздемесінің блогы

III-бөлім. Бағдарламаның пайымы

IV-бөлім. Бағдарламаның миссиясы

V-бөлім. Бағдарламаның стратегиялық блогы

VI-бөлім. Бағдарламаның қойылған мақсатына қол жеткізу

VII-бөлім. Бағдарламаны іске асыру барысында күтілетін нәтижелер

VIII-бөлім. Бағдарламаның нысаналы индикаторлары

КІРІСПЕ

Ақтөбе қаласының «Ілияс Есенберлин ат. №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025–2030 жылдарға арналған дамыту бағдарламасы білім беру сапасын арттыруға, оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге және оқу-тәрбие үдерісін жаңғыртуға бағытталған стратегиялық құжат болып табылады. Бағдарлама мектептің алдағы жылдардағы негізгі даму бағыттарын айқындап, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге арналған жүйелі шараларды белгілейді.

Бағдарламаның басты мақсаты – оқушылардың білім деңгейін, қабілеттерін және құзыреттіліктерін заманауи талаптар мен халықаралық стандарттарға сай дамыту, педагогтердің кәсіби әлеуетін күшейту және мектепте қауіпсіз, қолайлы, цифрландырылған білім беру ортасын қалыптастыру. Сонымен қатар ата-аналармен және қоғаммен серіктестік байланыстарды нығайту, мектептің ашықтығы мен тиімді басқарылуын қамтамасыз ету де негізгі басымдықтардың бірі болып табылады.

Бағдарлама мектептің даму үрдістерін талдау, соңғы жылдардағы мониторинг нәтижелері, білім беру сапасына әсер етуші факторларды зерделеу, мүдделі тараптардың ұсыныстары негізінде әзірленді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы және өңірлік даму құжаттары басшылыққа алынды.

Стратегиялық бағыттар оқушылардың жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына, олардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, педагогтердің кәсіби және мәдени капиталын арттыруға және білім беру сапасын жүйелі түрде жақсартуға бағытталған.

Дамыту бағдарламасы мектептің миссиясын, пайымын, стратегиялық мақсаттарын, бағыттарын және күтілетін нәтижелерін айқындайды.

Бағдарламада белгіленген мақсаттарға қол жеткізу инновациялық тәсілдер мен жобаларды енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Бұл құжат мектептің даму үдерісін басқаруда бағыт-бағдар беретін және білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік жасайтын маңызды құжат болып табылады.

I - БӨЛІМ. МЕКТЕПТІ ДАМУ ТУРАЛЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

| | |
|--|---|
| Бағдарлама атауы | Ақтөбе қаласының «Ілияс Есенберлин ат. №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін 2025-2030 жылдарға арналған дамыту бағдарламасы |
| Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме | <ul style="list-style-type: none"> - «Білім туралы» ҚР Заңы (27.07.2007 ж., №319) - 2023–2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасы (ҚР Үкіметі, 28.03.2023 ж., №249) - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (ҚР ОАМ 03.08.2022 ж. №348, өзгерістерімен) - Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары (ҚР ОАМ 05.12.2022 ж. №486) - Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттары (ҚР ОАМ 24.02.2025ж. №31) - Үлгілік оқу бағдарламалары (ҚР ОАМ 16.09.2022 ж. №399, өзгерістерімен) - Педагогтерді аттестаттау қағидалары (ҚР ОАМ 02.04.2024 ж. №72) - «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы» - Мектептің жарғысы және 2024-2025 оқу жылындағы мектептің жағдайы туралы мониторинг |
| Бағдарламаны әзірлеуші | Ақтөбе қаласының «Ілияс Есенберлин ат. №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі |
| Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері | <p>Бағдарламаның мақсаттары: Оқушылардың жан-жақты дамуына және заманауи талаптарға сай білім сапасын арттыруға бағытталған инновациялық білім беру ортасын қалыптастыру.</p> <p>Бағдарламаның міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мектептің қазіргі жағдайын, жетістіктері мен проблемаларын анықтау - Мектептің болашақ даму моделін айқындау - Қазіргі жағдайдан қалаған нәтижеге көшу стратегиясы мен тактикасын әзірлеу |
| Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері | <p>2025/2026 оқу жылы – Дамытудың негізгі бағыттарын іске асыруды бастау</p> <p>2026/2027 оқу жылы – Бағдарламаны іске асыруды бағалау, түзетулер енгізу</p> <p>2027/2028 оқу жылы – Өзгерістерді басқару</p> <p>2028/2029 оқу жылы – Іс-шаралардың тиімділігін бағалау</p> |

| | |
|----------------------|--|
| | 2029/2030 оқу жылы – Тиімді тәжірибелерді мектеп мәдениетіне орнықтыру |
| Қаржыландыру көздері | - Республикалық бюджет, жергілікті бюджет, - Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат көздері |

II-БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАЛДАМАЛЫҚ ЖӘНЕ БОЛЖАМДАУ НЕГІЗДЕМЕСІНІҢ БЛОГЫ:

2.1. Мектептің ағымдағы жай-күйі, негізгі проблемалар және олардың себептері

2.1.1. Мектептің инфрақұрылымының ағымдағы жай-күйі

«Ілияс Есенберлин ат. №15 орта мектебі» Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы Гоголь көшесі №12 мекенжайы бойынша орналасқан. Мектеп 1939 жылы салынған екі қабатты типтік ғимаратта орналасқан. Оқу орнының жобалық сыйымдылығы – 309 орын, ғимараттың жалпы аумағы 2423 шаршы метр.

Мектептің материалдық-техникалық базасы мемлекеттік білім беру стандарттарын іске асыруға, сапалы білім беру процесін ұйымдастыруға және қолайлы әлеуметтік орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Инфрақұрылым санитариялық талаптарға, өрт қауіпсіздігі нормаларына және терроризмге қарсы қорғау ережелеріне сәйкес келеді. Бұл талаптардың орындалуы жыл сайынғы қабылдау актілерімен және қадағалау органдарының тексеру актілерімен расталады. Мектеп аумағы толық қоршалған, сыртқы жарықтандыру қарастырылған. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау жүйесі, дабыл түймесі, автоматты өрт дабылы орнатылған, сондай-ақ тәулік бойғы күзет ұйымдастырылған.

Ғимарат орталық инженерлік жүйелерге қосылған: суық су желісі бар, кәріз жергілікті жүйе арқылы жүргізілген. Мектеп автономды жылу жүйесімен жылытылады.

Оқу процесіне қажетті арнайы жабдықталған кабинеттер жұмыс істейді. Оқу кабинеттерінің саны – 17, соның ішінде:

- Мектепалды даярлық тобына арналған кабинет-1
- Бастауыш сыныптарға арналған кабинеттер-3
- Интерактивті тақтамен жабдықталған бастауыш сыныпқа арналған кабинет -1
- Физика кабинеті-1 (интерактивті тақтамен жабдықталған)
- АӘД кабинеті-1
- Биология кабинеті-1 (интерактивті тақтамен жабдықталған)
- IT кабинеті-1
- Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті-1
- Мультимедиялық кабинеті-1 (интерактивті тақтамен жабдықталған)

- Информатика кабинеті-1 (интерактивті тақтамен жабдықталған)
 - Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті-1
 - Химия кабинеті-1(интерактивті тақтамен жабдықталған)
 - Математика кабинеті-1 (интерактивті тақтамен жабдықталған)
 - Тарих кабинеті-1 (интерактивті тақтамен жабдықталған)
 - Әмбебап кабинет-1 (интерактивті тақтамен жабдықталған)
- Мектептегі көпшілікке арналған орындар:
- Асхана-1
 - Спорт залы-1, жазғы футбол алаңы -1 көлемі (30*18) 2014 жылы салынған
 - Кітапхана-1
 - Мәжіліс залы-1
 - Гардероб-2
- Қызметтік мақсатында пайдаланатын кабинеттер:
- Мектеп директорының кабинеті-1
 - Директордың ОТЖ орынбасарлар кабинеті-1
 - ТЖ орынбасарының кабинеті-1
 - Логопед кабинеті-1
 - Есеп бөлімінің кабинеті-1
 - Мұғалімдер бөлімі-1
 - ШЖЖ орынбасары кабинеті-1
 - Медкабинет-1
 - Психолог кабинеті-1

Бұл инфрақұрылым оқушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, оқу-тәрбие үдерісін толыққанды ұйымдастыруға жағдай жасайды.

2025–2026 оқу жылының басындағы кітап қоры: 33678 дана, оның ішінде оқулық -18142, көркем әдебиет -14738, брошюра -798. Жалпы мектеп бойынша оқулықпен қамтылу жоғары деңгейде – 100%.

2.1.2. Мектептегі оқу режимі, оқушылар континенті.

Қазіргі таңда мектеп 1–11 сыныптар үшін екі ауысымда, бес күндік жұмыс аптасы режимінде жұмыс істейді.

2024–2025 оқу жылының мектеп оқушыларының саны – 604, сынып топтамасы – 28, мектепалды даярлық кластағы оқушы саны – 39, сынып топтамасы – 2. Оқушылар саны: 1-4 сыныптарда – 193, 5-9 сыныптарда – 326, 10-11 сыныптарда –85, барлық оқушы саны – 604 (оның ішінде қыз – 270, ұл – 334). Ұлттық құрам бойынша: қазақ – 100%. Шетелден келген оқушылар жоқ. Оқушылар санының өзгерісі: 2022-2023 оқу жылынан

жылдан 2024–2025 оқу жылы аралығында оқушы саны 70-ке азайып, шамамен 10,4% төмендеген.

2.1.3. Педагогикалық ұжымның ағымдағы жай-күйі

Соңғы үш жылдағы деректер мектептің кадрлық әлеуетінің тұрақты екенін және педагогтардың кәсіби деңгейінің жыл сайын артып келе жатқанын көрсетеді.

2022–2023 оқу жылында мектепте 60 педагог қызмет атқарса, олардың 96,6%-ы жоғары білімді болды. 2023–2024 оқу жылында педагогтар саны 61-ге дейін көбейгенімен, жоғары білімді мамандардың үлесі 90,1%-ды құрады. 2024–2025 оқу жылында педагогтар саны 59-ға төмендегенімен, жоғары білімді педагогтардың үлесі 98,3%-ға жетіп, кадрлық сапа көрсеткіші айтарлықтай жақсарды.

Арнаулы орта білімді педагогтардың саны барлық кезеңде 1–2 адам деңгейінде тұрақты сақталды. Бұл педагогикалық құрамның тұрақтылығы мен білім деңгейінің өсу динамикасын айқындайды.

Мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін көтеру бағытында жүргізілген жұмыстар нәтижелі екенін көрсетеді.

Педагог-шеберлер саны үш жыл қатарынан өзгермей, 1 маман деңгейінде сақталуда.

Педагог-зерттеушілер саны 2022–2023 жылғы 24 маманнан 2024–2025 жылы 26 маманға дейін көбейіп, үлесі 44%-ға жетті.

Педагог-сарапшылардың жалпы үлесі үш жылда өсіп, кәсіби әлеуеттің күшеюін айғақтайды.

Педагог-модераторлар саны 20-дан 15-ке төмендегенімен, жалпы үлесі 25,5%-ды құрап, мектептің кәсіби ресурсы жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді.

Санаты жоқ мұғалімдер үлесінің 15,8%-дан 15,3%-ға азайған.

2.1.4. Оқушылардың білім сапасының ағымдағы жай-күйі

Оқушы саны соңғы үш жылда біршама төмендегенімен, бұл демографиялық ахуалмен байланысты табиғи өзгеріс болып табылады.

2022–2023 оқу жылы – 674 оқушы

2023–2024 оқу жылы – 621 оқушы

2024–2025 оқу жылы – 604 оқушы

Бастауыш, негізгі және жоғары буындардағы оқушылар арақатынасы тұрақты сақталған. Жыныстық құрылымдағы ерекшелік те табиғи демографиялық өзгерістерге сәйкес келеді: жоғары буында ұлдар үлесі басым болса, бастауышта қыз балалар көп.

Оқу сапасы:

2023–2024 оқу жылы: бастауыш буын – 63%; орта буын – 52,2%, жоғары буын – 55,7%, жалпы сапа – 55,8%, үлгерім – 100%

2024–2025 оқу жылы: бастауыш буын – 62,6%, орта буын – 54,6%, жоғары буын – 56,6%, жалпы сапа – 57%, үлгерім – 100%

2024–2025 оқу жылында барлық буындарда сапа көрсеткіші тұрақты өсім көрсетті. Бастауыш буында көрсеткіш сәл төмендегенімен, орта және жоғары буындардағы сапаның көтерілуі жалпы мектеп көрсеткішін жақсартты. Жалпы сапа 55,8%-дан 57%-ға көтерілген.

2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша мектептің жалпы білім сапасы 57%, бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда +1,2% өсімді көрсетеді. Жылдық үлгерім – 100%.

Оқу жетістіктері: оқу озаттары – 106 оқушы, оқу екпінділері - 221 оқушы, “қанағаттанарлық” деңгейде оқитын оқушылар саны – 239.

Бұл көрсеткіштер мектептің академиялық тұрақтылығын, оқу процесінің ұйымдастырылу сапасының артып келе жатқанын және педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің нығайғанын көрсетеді.

Соңғы үш оқу жылындағы білім сапасы

2022–2023о/ж мен 2024–2025 о/ж аралығындағы негізгі өзгерістер:

Бастауыш буын: 2022–2023: 59,5%, 2023–2024: 63%, 2024–2025: 62,6%

Бастауыш буында сапа көрсеткіші жоғары деңгейде сақталған. 2024–2025 жылы 0,4% төмендеу байқалғанымен, жалпы үш жылда тұрақты оң динамика көрініс береді.

Орта буын: 2022–2023: 50,1%, 2023–2024: 52,2%, 2024–2025: 54,6%

Орта буында сапа үш жыл қатарынан өсіп отыр (+4,5%). Бұл – әдістемелік қолдаудың күшеюі мен пәндік мазмұнды меңгерудің жақсаруының нәтижесі.

Жоғары буын: 2022–2023: 56,4%, 2023–2024: 55,7%, 2024–2025: 56,6%

Жоғары буында сапа көрсеткіші тұрақты қалыпта сақталып, 2024–2025 жылы 0,9% өсім байқалды.

2–11 сыныптар: 2022–2023: 53,9%, 2023–2024: 55,8%, 2024–2025: 57%

3 жылдағы өсім — +3,1%.

Бұл мектептің стратегиялық даму бағыты дұрыс екендігін және оқу сапасының тұрақты жақсарып келе жатқанын көрсетеді.

9-сынып оқушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижелері (2024–2025)

2024–2025 оқу жылында негізгі мектепті бітірушілердің саны — 63 оқушы.

Үлгерім -100%, білім сапасы - пәндер бойынша 54,1% -73% аралығында.

Үздік куәлікке ұсынылған 7 оқушының барлығы өз білімін дәлелдеп, мемлекеттік емтихандарды «өте жақсы» тапсырды.

Пәндер бойынша орташа нәтиже: алгебра – 60,3%; қазақ тілі (эссе) – 63,5%; орыс тілі мен әдебиеті – 73%; Биология / Қазақстан тарихы – 61,9%. Орыс тілі, қазақ тілі және жаратылыстану пәндерінде салыстырмалы жоғары көрсеткіштер байқалды.

11-сынып оқушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттауының нәтижелері (2024–2025)

2024–2025 оқу жылында жалпы орта мектепті 43 оқушы аяқтады.

Үлгерім — 100%, сапа — пәндер бойынша 60,4%–74,4% аралығында.

Үздік аттестатқа ұсынылған 3 оқушының барлығы мемлекеттік емтиханды «өте жақсы» тапсырып, «Үздік аттестат» алуға лайықты екенін дәлелдеді.

Пәндердің орташа көрсеткіштері: Қазақстан тарихы – 60,4%, алгебра және анализ бастамалары– 62,7%, қазақ тілі (эссе) – 74,4%, орыс тілі мен әдебиеті – 67,4%, таңдау пәндері – 69,7%

Елеулі ерекшеліктер

Гуманитарлық бағыттағы пәндер жоғары нәтиже көрсетті.

Физика, география сияқты пәндерде білім сапасы төмендеу.

Бұл пәндер бойынша әдістемелік қолдауды күшейту стратегиялық міндет болып табылады.

2.1.5. Жекелеген санаттағы оқушыларды қолдау жағдайы

2022–2025 жылдар аралығында мектепте әлеуметтік жағдайы төмен жекелеген санаттағы оқушылар саны жыл сайын өсіп отырған (67 → 92 → 102 оқушы). Бұл демографиялық және әлеуметтік факторлардың өзгеруімен байланысты. Барлық оқушылар жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен оқу құралдары, киім-кешек, тегін ыстық тамақ және қажетті материалдық көмекпен толық қамтамасыз етілді. «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциялары тұрақты түрде жүргізіліп, қор тарапынан көмек көлемі жыл сайын артып отыр. ЖББ қорынан бөлінген қаражат көлемі өсіп, әлеуметтік қолдаудың тұрақты жүйесі қалыптасқан. 2024 жылы әлеуметтік көмекке бөлінген қаражат 4,4 млн теңгені құрады, ал тегін тамақ пен басқа да қолдау құралдарына жұмсалған қаражат көлемі жылдан жылға ұлғайған. Қала сыртындағы лагерлерге тегін жолдамамен қамтылған оқушылар саны да артты (20 бала). Соңғы үш жылда демеушілік көмектің жалпы көлемі 554 200 тг; 514 000 тг; 260 000 тг құрады. 2024–2025 оқу жылында «Мектепке жол» және басқа қайырымдылық акциялары аясында 25-тен астам оқушы мектеп сөмкесі, оқу құралдары және материалдық көмекпен қамтылды. Жаңа жылдық шыршаларға 5 оқушы қатысып, 38 оқушы тәтті сыйлықтармен қамтамасыз етілді. Мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен жекелеген санаттағы оқушылар әр оқу жылында ЖББ қорынан бөлінген қаражат

есебінен оқу құралдарымен, киім-кешектермен, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде және «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциялары кезінде де материалдық көмекпен қамтылды, сонымен қатар мектеп тарапынан жыл сайын тегін оқулықпен 100% қамтылып отыр.

Мектептегі қосымша білім беру бойынша оқушылардың қамтылуы:

171 оқушы көркемдік-шығармашылық үйірмелерге (28%)

164 оқушы спорттық үйірмелерге (27,1%)

335 оқушы жалпы мектепшілік үйірмелерге (54,9%)

485 оқушы (79,5%) ішкі және сыртқы қосымша білім беру ұйымдарымен қамтылған.

Оқушылар спорт, шығармашылық және дебат бағытында облыстық және республикалық деңгейде жүлделі орындарға ие болып, мектептің тәрбиелік және дамытушылық әлеуетінің жоғары екенін көрсетті.

Үйде оқыту

2024–2025 оқу жылында денсаулық жағдайына байланысты 2 оқушыға үйде жеке тегін оқыту ұйымдастырылды. Пән мұғалімдері бекітілген оқу жоспарлары мен нормативтер негізінде сабақтарды жүйелі жүргізіп, құжаттаманы толық және талапқа сай жүргізіп отыр. Үйде оқыту барысы — қанағаттанарлық деңгейде. Мектепте 2024–2025 оқу жылында 9 ЕББҚЕ оқушы тіркелген. Барлық құжаттары (ДКК, ПМПК, жеке оқу жоспарлары, психологиялық-педагогикалық қолдау картотекасы) талапқа сай жинақталған. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі белсенді жұмыс істейді: жылдық жоспар бекітілген, 4 рет кеңес отырысы өткізілген, оқушылардың жеке даму жоспары әзірленген, 53 мұғалім арнайы курстардан өтті. Оқушылар үйірмелерге, спорттық секцияларға қатысып, әлеуметтік-психологиялық қолдау толық көрініс тапқан. Мектепте тосқауылсыз орта (пандустар, тактильді жолдар, жақсартылған санитарлық жағдайлар) жасалған.

2.1.6. Оқушылардың білім, білік, дағдысын бақылау

Оқу жетістіктерін бағалау қалыптастырушы (ФБ) және жиынтық бағалау (БЖБ, ТЖБ) нысандарында ҚР БҒМ нормативтеріне сәйкес жүргізіледі. БЖБ және ТЖБ кестелері №125 бұйрық талаптарына сай әзірленді, бір күнде үштен артық ТЖБ алынбады, тоқсан соңғы күні ТЖБ өткізілмеді. Бағалау критерийлері, рубрикаторлар, модерация хаттамалары, мұғалімдердің жоспарлары толық рәсімделген. Электрондық журналдар «bilimclass.kz» арқылы ағымдық, тоқсандық, жылдық бағалар уақытылы енгізіледі. Қалыптастырушы бағалау пәннің жүктемесіне сай, шекті нормаларды сақтай

отырып жүргізіледі. Жалпы бағалау үдерісінің сапасы — қанағаттанарлық деңгейде.

2.1.7. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

«Оқушылар қозғалысы» бұйрық кітабы талапқа сай, мемлекеттік тілде жүргізілген, барлық жазбалар сәйкестендірілген. 1998, 2002 және 2013 жылдары басталған үш алфавиттік кітап қолданыста, нөмірленген, түптелген, мөрленген. Оқушылар туралы мәліметтер нақты және өзара сәйкес. Оқушылардың жеке іс қағаздары толық жүргізілген, табельдер №130 бұйрыққа сәйкес рәсімделген. Мақтау қағаздары мен мақтау грамоталарын есепке алу кітабы тұрақты жүргізіледі (соңғы үш жыл көрсеткіші: 90, 92, 93). Электрондық журнал мемлекеттік құжат ретінде ай сайын тексеріліп отырады: сабақ жоспарлары, бағалар, үй тапсырмалары, БЖБ–ТЖБ нәтижелері 100% енгізілді. Оқу жылы соңында барлық журналдар CD-R дискіге жазылып, мектеп архивіне тапсырылды. Электрондық журнал жүргізілу деңгейі — қанағаттанарлық.

2.1.8. Дарынды оқушылармен жұмыс жағдайы

Мектепте дарынды оқушыларды анықтау, қолдау және дамыту жүйелі түрде ұйымдастырылады. Жыл басында мектепшілік жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, әр бағыт бойынша жауапты жетекшілер тағайындалады.

Дарынды оқушылармен жұмыс төрт негізгі бағыт бойынша жүргізіледі:

1. «Рауан» ғылыми оқушылар қоғамы. Бағыт ғылыми-зерттеу жұмыстарына оқушыларды тарту, жобалық мәдениетті дамытуға арналған.
2. «Олимпиадалық резерв» мектебі. Негізгі мақсат – пәндік олимпиадаларға жүйелі дайындықты қамтамасыз ету.
3. «Шаңырақ» пікірсайыс клубы. Мақсаты-Оқушылардың сыни ойлау, аргументация және шешендік дағдыларын дамыту.
4. «Шабыт» шығармашылық бағыты. Мақсаты-Оқушылардың көркемдік, әдеби, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Дарынды оқушылар контингенті:

5–11 сыныптар: 162 оқушы

2–4 сыныптар: 44 оқушы

Қосымша білім беру және үйірмелеріне тарту:

Ішкі үйірмелермен қамту – 54,9%

Спорт секциялары – жүйелі

Жалпы қамту – 79,5%

Үйірме бағыттары:

Спорт – жоғары қызығушылық
Техникалық бағыт (Python, STEM) – дамып келе жатыр
Шығармашылық бағыт – тұрақты
Бастауыш буынның қамтылуы орташа деңгейде.

Олимпиадаларға қатысу нәтижелері:

Мектепшілік кезең

5–6 сыныптар бойынша I орын алған 12 оқушы, қалалық кезеңге жолдама алды.

7–8 сыныптар бойынша I орын алған 18 оқушы, қалалық кезеңге жолдама алды.

Қалалық пәндік олимпиадалар нәтижесі

5–6 сыныптар: 6 оқушы жүлделі орын, II орын – 2, III/IV орын – 4

7–8 сыныптар: 11 жүлделі орын: I-орын-1, II-орын-5, III-орын – 5

7–8 сынып оқушыларының нәтижесі ерекше жоғары.

9–11 сыныптар: I-орын – 1, II-орын – 3, III-орын – 7, Алғыс хат – 1

Арнайы пәндік олимпиадалар (қалалық кезең)

Олимпиадалардың бірнеше түрлері бойынша қатысу жоғары деңгейде:

«Алтын сақа» – 3 оқушы

«Алтын түлек» – 3 оқушы

«Лингвистикалық олимпиада» – 1

«Өлкетану» – 1

«Кішкентай білгірлер» – 3

«Жарқын болашақ» – 2

«Яссауитану», «Бастау» және пәндік олимпиадалар (информатика, ағылшын, физика)

Жалпы алғанда, арнайы олимпиадаларда 20-дан астам жүлделі орын.

Облыстық пәндік олимпиада: III-орын – 2, IV-орын – 1

Арнайы олимпиадалар бойынша: «Достық–2025» — III орын, Физика — III орын. Республикалық олимпиадалар: «Тарих Ата» — 72 оқушы (I, II, III орындар). «Алтын түлек» — I орын, III орын. Ғылыми жоба конкурстары

Қалалық кезең: 1–7 сыныптар «Зерде» конкурсы: 7 жүлделі орын- I-орын - 1, II-орын – 2, III-орын – 4, «Зерде» облыстық кезеңі — II және III орын.

Республикалық ғылыми жобалар конкурсы (қалалық кезең): 7 жүлделі орын-I-орын -1, II-орын-2, III-орын -2, IV-орын-2.

Шығармашылық байқауларда 159 жүлделі орын: қалалық -11, облыстық - 95, республикалық -53. «Интеллектуалдық байқаулар: «Ақбота» – 117 + 41, «Кенгуру» – 30. Спорттық жетістіктер: футбол, футзал бойынша мектеп командалары қалалық және микротоп жарыстарында: I-орын -2, II-орын – 3, III-орын – 2.

2024–2025 оқу жылында дарынды оқушылармен жұмыс жоғары нәтижемен, жүйелі түрде, барлық бағытты қамти отырып жүргізілді. Пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар және шығармашылық байқаулар бойынша жалпы жетістіктер мектептің дарындылармен жұмыс жүйесінің тиімділігін дәлелдейді. Олимпиада, ғылыми жоба, шығармашылық байқаулар бойынша жалпы жүлделі орындар саны — 300-ден асады, бұл мектептің қалалық және облыстық деңгейдегі көшбасшы мекеме екенін көрсетеді.

2.1.9. Мектептің әдістемелік жұмысының ағымдағы жай-күйі

2024–2025 оқу жылында мектептің әдістемелік жұмысы «Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру, шығармашылығын дамыту» тақырыбында ұйымдастырылды. Мақсат – белсенді оқыту технологияларын жүйелі енгізу арқылы білім сапасын арттыру және шығармашыл тұлға қалыптастыру.

2023/2024–2024/2025 оқу жылдарында мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында белсенді әдістерді меңгерту, коучинг, семинар, ПШО тренерлерімен вебинарлар, проблемалық семинарлар, педагогикалық шеберханалар мен эксперименттік алаңдар, оқушы біліміндегі олқылықтарды анықтау және түзету, мектеп–оқушы–ата-ана ынтымақтастығын күшейту, ғылыми-практикалық конференциялар, шығармашылық есептер, мониторинг тұрақты жүзеге асырылды. Әдістемелік кеңес 2 айда 1 рет өткізіліп, келесі мәселелер қамтылды: оқу-тәрбие процесінің сапасы, жоспарлардың сәйкестігі, дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, пән апталықтары, педагогтердің кәсіби дамуы, олимпиадаларға дайындық, кітапханадағы оқулар. Әдістемелік жұмыстар бойынша келесі тақырыптар бойынша мектепшілік бақылаулар ұйымдастырылды: КТЖ-ның үлгілік бағдарламаларға сәйкестігі, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, Е-портфолио жүргізу, пән апталықтары, педагогикалық шеберханалар, эксперименттік алаңдар, кәсіби даму мониторингі, пән мұғалімдерінің тәжірибе таратуы. Бақылаулардың нәтижесінде кемшіліктер бойынша әдістемелік көмек көрсетілді. 2024–2025 оқу жылында барлығы 12 пән апталығы өткізілді. Әр апталықта ашық сабақтар, шеберлік сабақтары, сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылып, кері байланыс берілді. Оқуға құштарлық, АКТ, белсенді әдістер, зерттеушілік дағдылар бойынша мектепшілік 6 семинар, белсенді әдістер, рефлексия, топтық жұмыс, мотивация, креативтілік бағытында 8 коучинг, мамандық бойынша тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сағаттар өткізілді. Мектептің 12 мұғалімі қалалық, облыстық, республикалық семинарларға қатысып, кәсіби желілік ортада тәжірибе таратты. Мектепте 3 педагогикалық шеберхана жұмыс

істейді: «Зерттеу дағдылары», «Математикалық сауаттылық», «Күрделі химия есептері». Эксперименттік алаңдар: Қазақ–орыс–ағылшын тілдерін интеграциялау, Soft skills дамыту технологиялары. Эксперимент жоспары, картасы, отырыстар жүргізілген. Мектепте 4 жас маман бар. Оларға тәлімгерлер бекітіліп, қиындықтары бойынша сауалнама алынып, коучинг, семинар, әдістемелік көмек ұйымдастырылды. 2025 ж. «Жас маман – жаңа идея» апталығы өткізілді. 2024–2025 оқу жылында: 38 мұғалім – мектеп директорының Алғыс хатымен; 40 мұғалім қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі марапаттармен марапатталды. Пән бірлестіктерінің рейтингісі бойынша: I – орын ағылшын тілі бірлестігі, II-орын – орыс тілі мен әдебиеті, III орын – бастауыш сынып және қазақ тілі-тарих бірлестігі. Мектеп мұғалімдері республикалық және халықаралық деңгейдегі 20-дан астам басылымда мақала жариялады. 14 әдістемелік құрал, 16 электронды орта, 6 авторлық бағдарлама әзірледі. Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі 50-ден аса олимпиада және кәсіби байқау нәтижелеріне қол жеткізді.

Педагогикалық және пәндік олимпиадалар нәтижелері: облыстық пәндік олимпиада (2024 ж.) 38 жүлделі орын: I орын – 9 (Адаева, Қали Р., Қажит З., Маканова Ж., Нуркасынова С., Бигапылов Е), II орын – 9 (Сафарова А., Оспанова, Сәдіров, Тулеубаева, Арызгулова және т.б.), III орын – 17, Алғыс хат – 3 (Жанзақ Л., Сержанова Г., Симатов Ғ.) Облыстық пәндік олимпиада (2025 ж.) - Бас жүлде – Маканова Ж., I орын – 2 (Умирова, Есмуратова), II орын – 4 (Танашева, Сабанбаева, Қуанышбекова, Василиева), III орын – 3 (Тыныбекова А., Зардыхан М., Нагашыбаева Ж.). Жалпы: I орын – 8, II орын – 9, III орын – 10, Алғыс хат – 3 (барлығы – 30). Республикалық олимпиадалар: 2 орын. Халықаралық олимпиадалар: 2 орын. Педагогикалық олимпиадалар: «Ақтөбе-Дарын» және Халықаралық пед.академия – Тыныбекова А. (III орын). Республикалық пед.олимпиада – Тулеубаева, Тыныбекова (I орын) Кәсіби байқаулар нәтижелері: қалалық-2, облыстық-10, республикалық -8: «Сыбайлас жемқорлық – ғасыр дерті» эссе – Ормаханова, Педагогикалық байқау – Құлынбаев, Сәдіров Б., Кеңес А. (III орын), «Полилат» марафоны – Тулеубаева С. (III орын), «Үздік әдістемелік бірлестік» – ағылшын тілі бірлестігі (I орын), жетекшісі Умирова А.Т., «Жаратылыстану бағытындағы республикалық олимпиада» – Тыныбекова, Тулеубаева (I орын). Облыстық деңгей: «Ізденіс жолы-2025» – Тыныбекова (I орын), Имандосова (Алғыс хат), «Есенберлин тағылымы» эссе – Конкабаева (Бас жүлде), Адаева, Ормаханова, Арызгулова (II орын), Канаева (III орын), Жолдыбаева Г. (Алғыс хат), «Үздік ұйымдастырылған іс-әрекет» – Жанзақ Л.,

Дүйсен Г. (II орын). Қалалық деңгей: «Үздік сабақ-2024» – Тұрымова Ж. (III орын), Алтыбаева (Алғыс хат)

Мектептің әдістемелік жұмысы жүйелі жүргізіліп, педагогтердің кәсіби әлеуеті артып, дарынды оқушылармен жұмыс, шығармашылық және ғылыми бағыттар бойынша жоғары нәтижелер көрсетілді. Белсенді оқыту технологиялары сабақ практикасына енгізіліп, педагогтер арасында жаңашылдық мәдениеті қалыптасуда.

2.1.10. Тәрбие жүйесінің қазіргі жай-күйі

2024–2025 оқу жылында мектептегі тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүйелі ұйымдастырылды. Тәрбие жоспары министрліктің 194 бұйрығына және облыстық 380 бұйрыққа сәйкес бекітіліп, барлық сынып жетекшілер мен ата-аналар қауымдастығы осы бағытта жұмыс жүргізді.

Негізгі ерекшеліктері:

Тәрбиенің мазмұны ұлттық құндылықтар, отбасылық өнеге, отаншылдық, еңбекке баулу, салауатты өмір салты, құқықтық мәдениет бағыттарында нығайтылған.

Барлық сыныптар тәрбиені жас ерекшелік кезеңдеріне сай жоспарлады. Тоқсан сайын сынып жетекшілер бірлестігінің отырыстары өткізіліп, өзекті мәселелер талқыланып отырды.

Іс-шаралар көпшілігі интерактивті, оқушы белсенділігіне бағытталған, әлеуметтік желілерде ашық жарияланған.

Мектепте 29 сынып жетекшісі, 2 даярлық тобы тәрбиешісі, барлығы 31 педагог тәрбие жұмысын жүргізеді.

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары бойынша талдау

Ұлттық және отбасы құндылықтары

Жүргізілген іс-шаралар:

«Отбасы күні», «Әже даналығы», «Ата өсиеті», «Аға қамқорлығы», «Жеңге өнегесі»

«Менің Отаным – Қазақстан!», «Қыран елім – Қазақстан!» сынып сағаттары

«Ақ бата» челленджі

Қорытынды: Оқушылардың ұлттық құндылықтарды тану, отбасы институтына құрметі артқан. «Даналық мектебі» клубы — мектептің айқын күші, ата-аналарды және үлкен буынды тәрбие процесіне тиімді тартады.

Құқықтық мәдениет және қауіпсіздік

Өткізілген іс-шаралар:

«Адам құқықтары» бірыңғай сағаты

Полиция және прокуратура өкілдерімен кездесулер
Түнгі рейдтер, бейберекет жүріс-тұрыс профилактикасы
«Бала қауіпсіздігі – ересектердің міндеті»
Терезе қауіпсіздігі, судағы қауіпсіздік, ЖҚЕ

Қорытынды: Оқушылардың құқықтық хабардарлығы артқан. Дегенмен құқықбұзушылықтың алдын алу – әлі де өзекті бағыт.

Азаматтық-патриоттық тәрбие

Республика күні, Тәуелсіздік күні, Жеңіс күніне арналған сабақтар
Батырлар есімдерімен кездесу, деректі фильмдер
Спорттық эстафеталар, патриоттық челленджер

Қорытынды: Патриоттық бағыт өте белсенді, оқушылардың ел тарихы мен батырларын тануы дұрыс жолға қойылған.

Ата-аналар қауымдастығы және Қамқоршылық кеңесі

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» 8 тақырыптық циклмен жұмыс істейді.

Денсаулық, қауіпсіздік, салауатты тамақтану, эмоциялық тұрақтылық, логикалық ойлау, ата-ананың рөлі, жасөспірімді түсіну тақырыптары қамтылған.

Қамқоршылық кеңес оқу жылы бойы материалдық, әлеуметтік қолдау көрсетті (Мектепке жол, тазалық айлығы, кітап тексеру т.б.)

Қорытынды: Мектеп пен ата-ананың байланысы күшті. Педагогикалық қолдау жүйелі жүргізілген.

Негізгі нәтижелер:

Оқушылардың 90%-ы тәрбие іс-шараларына тұрақты қатысады.

Ұлттық құндылықтар бойынша іс-шаралар саны айтарлықтай артқан.

Құқықбұзушылық профилактикасы жүйеленген (полициямен, теологтармен кездесу, рейдтер).

38 педагог және сынып жетекші жартыжылдық қорытындысында алғыс хатпен марапатталды – тәрбие жұмысының нәтижелі жүргізілгенін көрсетеді.

Мектептің күшті жақтары:

- Мектептің тұрақты жұмыс режимі және басқару жүйесінің қалыптасуы: Бірінші және екінші кезең бойынша сабақтардың нақты, тұрақты кестесі бар. Мектептің циклограммасы жүйеленген: педкеңес, әдістемелік кеңес, әкімшілік, директор жанындағы кеңес — жүйелі өткізіледі.
- Әкімшілік құрамының тәжірибесі жоғары: басшылық құрамда 20–38 жыл еңбек өтілі бар мамандар. Директор мен орынбасарлардың барлығы — жоғары білімді, бейіні бойынша кәсіби педагогтар.

- Педагогтердің сапалық құрамы жоғары: 2024–2025 ж. педагогтердің 98,3%-ы жоғары білімді. «Педагог-зерттеушілер» саны өсіп отыр (24 → 26). Педагог-модераторлар мен педагог-сарапшылар үлесі жоғары.
- Оқушылардың үлгерімі 100%: 2022–2025 жылдар аралығында үлгерім 100% тұрақты. 2024–2025 ж. білім сапасы 57%-ға дейін өскен.
- Кабинеттердің материалдық-техникалық базасы жақсы: 20 оқу кабинеті бар, оның көпшілігінде интерактивті тақта орнатылған. Химия, биология, физика, математика кабинеттері жабдықталған. Спорт және акт залдары, кітапхана, асхана толық жұмыс істейді.
- Оқушы контингентінің тұрақтылығы: Оқушы саны жыл сайын азайғанымен, контингент тұрақты (674-тен 604-ке). Бастауыш, орта және жоғары буын арасындағы үлес теңгерімді.
- Қосымша білім беру жүйесінің кең қамтылуы: ішкі үйірмелермен қамту: 54,9%, жалпы ішкі/сыртқы спорт және үйірме қамту: 79,5%, спорттық және шығармашылық сайыстарда көптеген жүлделер.
- Үйден оқыту, ЕББҚЕ оқушылармен жұмыс жүйесінің толық құрылуы: ППҚК жұмысы, құжаттама, мониторинг, жеке бағдарламалар талапқа сай, қанағаттанарлық деңгейде.
- Педагогикалық кеңес жұмысы жүйелі: тақырыптары өзекті
- Нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс талапқа сай: бұйрықтар, алфавиттік кітап, оқушылар қозғалысы – толық жүргізілген.
- Олимпиада, ғылыми жобалар, шығармашылық байқауларға тұрақты қатысу жүйесі бар.
- Педагогтердің тәжірибесі жоғары, пәндік олимпиада бағытында жұмыс істейтін мұғалімдер қалыптасқан.
- Дарынды балаларды ерте анықтау және қолдау тетіктері (сабақтағы талдау, КІЖ, шығармашылық клубтар) жұмыс істейді.
- Жюри құрамына мұғалімдердің тартылуы – баға қою критерийлерін біледі.
- Шығармашылық іс-шаралар, клубтар, байқаулар саны жеткілікті.
- «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» толыққанды іске асырылуы: Бағдарламаның барлық 5 міндетіне сәйкес келетін, әсіресе ұлттық және отбасылық құндылықтарға баса назар аударылған, жүйелі іс-шаралар тізбегінің болуы (мысалы, "Даналық мектебі" кездесулері, Отаншылдық тақырыптағы сағаттар).
- Білікті және тұрақты кадрлық құрам: Сынып жетекшілердің басым бөлігінің жоғары санатты, өтілі мол (10 жылдан жоғары) болуы және тәрбие қызметкерлерінің (ДТЖО, психологтар, әлеуметтік педагог) курстардан өтуі

- Ата-аналармен тиімді кері байланыс: "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы" арқылы позитивті ата-ана мәдениетін дамытуға және баланың әл-ауқатына бағытталған 5 кезеңдік сабақтардың, конференциялардың ұйымдастырылуы
- Жұмыстың құжаттамалық және әдістемелік негізделуі: Жұмыстың ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтарына, "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру жөніндегі кешенді жоспарға сүйеніп жасалуы.
- Оқу-тәрбие процесінің интеграциясы: Тәрбие жұмысының оқушылардың академиялық және шығармашылық жетістіктерімен (олимпиадалар, ғылыми жобалар, спорт) ұштастырылуы, 38 педагогтың марапатталуы.
- Құқықтық және қауіпсіздік жұмыстарының жүйелілігі: Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша әр тоқсан сайынғы жиналыстар мен рейдтер, сондай-ақ полиция қызметкерлерінің қатысуымен жиындар өткізілуі

Әлсіз жақтары:

- Біліктілік санаты жоқ мұғалімдер үлесі әлі жоғары: 2024–2025 ж. – 15,3%. Бұл педагогтердің кәсіби деңгейін арттыруды қажет етеді.
- Оқушылар саны жыл сайын азаюда: 674-621-604
Қосымша білім беру, мектептің имиджін арттыру, ата-аналармен жұмысты күшейту қажет.
- Орта буында білім сапасының төмендігі: 2024–2025 ж. орта буын сапасы – 54,6%.. Бұл көрсеткіш бастауыш (62,6%) және жоғары буыннан (56,6%) төмен.
- МТБ толық жеткілікті емес: көрнекіліктер, зертханалық құралдарды жаңарту қажеттігі бар. Бірқатар кабинеттерде заманауи жабдықтар жетіспейді (робототехника, STEAM, цифрлық лабораториялар жоқ).
- Орта буын білім сапасының төмендігі (54,6%)
- Жоғары деңгейдегі (облыстық, республикалық) жарыстарда жүлде саны төмен.
- Олимпиада резерві аз оқушыны қамтиды.
- Тәрбие жұмысында кейбір бағыттардың іс-шараларының аздығы: Салауатты өмір салты (денсаулық, спорт) және экологиялық тәрбие (табиғатқа ұқыптылық) бойынша іс-шаралардың саны (мыс: 1-2 іс-шара) ұлттық және отаншылдық бағыттарына қарағанда аз.
- Жұмысшы мамандықтар тақырыбының кеш басталуы: ҚР Президенті Жолдауында айтылған "2025 жыл – жұмысшы мамандықтар жылына" арналған іс-шаралардың ақпан айында ғана басталуы (21, 22), тақырыптық жұмысты жыл басынан жоспарлау қажеттілігі.

Мүмкіндіктер

- Педагогтердің кәсіби деңгейін көтеру: Курстар, зерттеу жұмысы, Lesson Study, коучинг арқылы біліктілік санаты жоқ мұғалімдердің көрсеткішін төмендету.
- МТБ жаңарту арқылы оқу сапасын арттыру: STEAM кабинеті, цифрлық зертханалар ашу мүмкіндігі. Виртуалды зертханалар енгізу.
- Оқушылар санын тұрақтандыру: Имидждік іс-шаралар, олимпиада, спорт, өнер бағытында мектеп жетістігін көрсету.
- Қалалық және облыстық жобаларға қатысу: «Дарын», «Өрлеу», инновациялық жобалар, облыстық білім басқармасының бағдарламалары.
- Цифрлық білім ресурстарын кеңінен қолдану
- Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының көп болуы
- Жаратылыстану-математикалық бағыттағы STEAM жобаларын енгізу
- Ата-аналарды мектеп өміріне тарту арқылы қолдау көрсету
- Мемлекеттік гранттар мен кабинеттерді жаңғырту жобаларына қатысу
- Онлайн олимпиадалар мен байқаулардың көп болуы — тәжірибе жинауға мүмкіндік.
- НЗМ, колледждер, ЖОО-мен серіктестік орнату арқылы дарынды оқушыларға ғылыми жетекшілер мүмкіндігін кеңейту.
- Дарынды балаларға арналған цифрлық платформалар (STEM, PISA, ғылыми жобаларға арналған конструкторлар).
- Мұғалімдерді олимпиадалық дайындық бойынша курстарға жіберу.
- Дарындылықты арттыру бойынша мектепшілік зерттеу орталығын дамыту.
- “Даналық мектебі” клубының әлеуетін кеңейту: "Әже өнегесі", "Ата өсиеті", "Аға қамқорлығы", "Жеңге өнегесі" секілді форматтарды дамыту арқылы отбасылық құндылықтарды нығайту.
- Қоғамдық серіктестікті дамыту: Ата-аналар конференциясына қатысқан сыртқы мамандармен (теолог, емхана психологы) ұдайы әріптестікті жалғастыру, оларды сынып сағаттарына немесе ата-аналар сабақтарына жиі тарту.
- “Жұмысшы мамандықтар жылын” (2025) тиімді пайдалану: Кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейту, мектеп бітірушілерді жұмысшы мамандықтарына баулу үшін өндіріс орындарына саяхаттарды ұйымдастыру.
- Экологиялық мәдениетті арттыру бағдарламалары: Суды үнемдеу тақырыбын одан әрі дамытып, жасыл мектеп, қалдықтарды бөліп жинау секілді жобаларға қатысу арқылы 5-ші міндетті (Табиғатқа ұқыптылық) күшейту.

Қауіптер:

- Оқушылар санының төмендеу тенденциясы: Бәсекелес мектептердің көбеюі. Қоныс аударудан туған жыл сайынғы азаю.
- Кадр тапшылығы қаупі: пән мұғалімдерінің зейнетке шығуы, жас мамандарды тарта алмау
- МТБ-ның ескіруі: заманауи талаптарға сай оқыту үшін инвестиция қажет болуы мүмкін. Қала мәртебесіне байланысты қаржыландыру шектеулі болуы ықтимал.
- Орта буындағы білім сапасының төмендеуі: Бұл деңгейде білімнің үнемі құлдырауы мектептің жалпы рейтингіне қауіп төндіреді.
- Қоғам тарапынан мектепке деген талаптың артуы (стресс факторы)
- Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың өсу қаупі: Есепте бұл мәселеге жиі назар аударылғанына карағанда, сыртқы ортаның (гаджеттер, интернет, деструктивті ағымдар) теріс әсерінен құқықбұзушылық пен зиянды әдеттердің (электронды темекі) таралу қаупі жоғары.
- Ата-аналардың жұмыспен қамтылуына байланысты белсенділігінің төмендеуі: Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысына қатысу белсенділігін ұстап тұру қиын болуы мүмкін.
- Интернет пен әлеуметтік желілердің тәрбиеге кері әсері: Оқушылардың онлайн ортадағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік желілердегі теріс контенттің "Біртұтас тәрбие бағдарламасының" құндылықтарына қайшы келуі.

2.1.2. Мектептегі негізгі проблемалар және олардың себептері

Білім сапасы мен оқу үлгерімі бойынша

1-проблемалық аймақ: Орта буын білім сапасының төмендігі

Оның ықтимал себептері:

- Мұғалім біліктілігі: санаты жоқ мұғалімдердің үлесі жоғары (15,3%).
- Пәндік олқылықтар: пәндерде олқылықтардың болуы.
- Әдістемелік кемшілік: инновациялық үдерістердің оқыту процесіне енуінің әлсіздігі.

2-проблемалық аймақ: Дарынды оқушылармен жұмыстың жоғары деңгейдегі жарыстардағы әлсіздігі

Оның ықтимал себептері:

- Жүйеліліктің жоқтығы: Дарынды оқушылармен жеке траектория толық жүргізілмейді.
- Ресурстық шектеу: STEAM, цифрлық лабораториялар сияқты заманауи жабдықтардың толыққанды жұмысының жоқтығы немесе әлсіздігі (МТБ жеткіліксіздігі).

Ресурстық және инфрақұрылымдық проблемалар

3-проблемалық аймақ: Көрнекіліктер, зертханалық құралдарды жаңарту қажет. Бірқатар кабинеттерде заманауи жабдықтар жетіспейді. STEAM, цифрлық лабораториялар жоқ.

Ықтимал себептері:

- Заманауи жабдықтарға (робототехника, STEAM) арналған қаржыландырудың басымдыққа ие болмауы.
- Мектепті дамыту бағдарламасында цифрлық және STEM инфрақұрылымын жаңғыртудың жоспарланбауы

Тәрбие жұмысы мен жоспарлау проблемалары

4-проблемалық аймақ: тәрбие бағыттар бойынша теңсіздік Салауатты өмір салты (денсаулық, спорт) және экологиялық тәрбие бойынша іс-шаралардың саны ұлттық және отаншылдық бағыттарына қарағанда аз (мыс: 1-2 іс-шара).

Ықтимал себептері:

- Жоспарлау кезінде мектеп әкімшілігі мен жетекшілердің назарының негізінен ұлттық/патриоттық тақырыптарға шоғырлануы.

5-проблемалық аймақ: имидж/қосымша білім беру- Қосымша білім беру, мектептің имиджін арттыру, ата-аналармен жұмысты күшейту қажет (жалпы қажеттілік ретінде көрсетілген).

Ықтимал себептері:

- Қосымша білім беру мен үйірмелерді дамытуға кадрлық және материалдық ресурстардың жеткіліксіздігі.

Мектеп контингентінің проблемасы

6-проблемалық аймақ: оқушылар санының азаюы

Ықтимал себеп:

- Ата-аналардың қаланың басқа ауданына қоныс аударуы(сыртқы фактор).

Мектептің даму потенциалы

- Сабақтың сапасын арттыру
- STEM, робототехника, IT бағыттарын кеңейту
- Орта буынға бағытталған әдістемелік қолдауды күшейту
- Қосымша білім беру жүйесін кеңейтіп, қамтуды 80–90% дейін жеткізу
- Мұғалімдердің бағалау құзіреттілігін арттыру
- Қауіпсіз ортаны нығайту
- Оқушы тарту (брендинг, PR, ашық есік күндері)

2.2. Мектептің инновациялық әлеуеті

Педагогтердің инновациялық әлеуетін бағалау келесі жеті критерий бойынша жүргізілді:

1. Мұғалімдердің жаңаға бейімділігі.
2. Педагогикалық ұжымның ақпараттық дайындығы.
3. Педагогикалық ұжымның инновацияларды игеруге мотивациялық дайындығы.
4. Инновацияларды игеруге кедергі келтіретін инновацияға қарсы кедергілерді еңсеру.
5. Мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеу қабілеті.
6. Педагогтердің компьютерлік сауаттылық деңгейі.
7. Мектеп ұжымындағы мұғалімдердің жанашылдық деңгейі.

Жиналған деректерді талдау нәтижесі мектептің инновациялық әлеуетіндегі күшті (ішкі ынта) және әлсіз жақтарды (құзыреттілік пен жүйелілік) анықтады.

Күшті жақтары (мүмкіндіктер):

- Ішкі ынта мен қабылдау: Мұғалімдер өздерінің ішкі уәждік, құндылық және ерікті сипаттамаларын жоғары бағалаған, яғни олар жанашылдықтан қашпайды және оны қабылдауға дайын.
- АКТ қолдану: мұғалімдердің АКТ қолдану деңгейі жоғары бағаланды.
- Мектепішілік оқуға ұмтылыс: мұғалімдердің мектепішілік біліктілікті арттыру жүйесіне тартылу ұмтылысы жоғары.
- Іс-шаралар жүйесі: мектеп тәжірибесінде жаңалықтарға арналған іс-шаралардың (семинарлар, педагогикалық кеңестер және т.б.) жүйелілігі бар деп есептейді.

Әлсіз жақтары (шектеулер)

- Кәсіби құзыреттілік: мұғалімдер өздерінің білімдерін, дағдыларын, инновациялық, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қабілеттерін жоғары бағаламайды
- Инновациялық мотивация: жанашылдыққа деген қажеттілік, инновацияны эмоционалды қабылдау, тиімді мектеп құруға деген ұмтылыс, сондай-ақ шығармашылық белсенділігі төмен.
- Басқару және жоспарлау: инновациялық қызмет стратегиясының қалыптасуы, сондай-ақ инновациялық қызметті қамтамасыз етудің ғылыми әлеуеті төмен бағаланды.
- Ұжымдық жұмыс: кез келген кәсіби мәселені шешу немесе жаңа нәрсе жасау бойынша жұмыс топтарын құрудың сиректігі байқалды.

Мектептің инновациялық әлеуетін дамыту үшін негізгі күш-жігерді мұғалімдердің командалық зерттеушілік құзыреттілігін арттыруға, АКТ-ны сыни ойлауды дамыту үшін қолдануға және инновациялық қызметтің нақты стратегиясын қалыптастыруға бағыттау қажет.

2.3. Педагогтер мен олардың кәсіби бірлестіктерінің пікірлерін зерделеу арқылы анықталған білім беру ұйымын дамытудың перспективалары мен бағыттары

Мектептің ағымдағы жай-күйі, оқушылардың оқу жетістіктерінің динамикасының әлсіз екендігі, мұғалімдердің кәсіби құзырет деңгейлері, оқыту тәжірибелері, мектеп ұжымының инновациялық әлеуетінің деңгейі және педагогтер мен олардың кәсіби бірлестіктерінің пікірлерін анықтау үшін алынған сауалнаманы зерделеу білім беру ұйымын дамытудың перспективалары мен бағыттарын айқындап берді. Мектепті дамытудың перспективалық мен бағыттарын анықтауда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары», Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы басшылыққа алынды. 2025-2030 жылдарға арналған мектепті дамытудың перспективалары мен бағыттары былайша анықталды:

1. Оқуға қолайлы орта қалыптастыру, оқу мазмұнын инновациялық жетілдіру және 21 ғасыр дағдыларын дамыту арқылы білім сапасын арттыру

Оқушылардың білім деңгейін көтеруге және оларды заманауи талаптарға сай дағдылармен қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар:

- Оқу мазмұнын жаңарту, оқыту әдістерін жетілдіру және практикаға тиімді енгізу.
- Проактивті, сын тұрғысынан ойлауға негізделген оқу әдістерін (PBL, Case Study) кеңінен қолдану.
- Оқушылардың өздігінен білім алу және зерттеу дағдыларын дамытуға жағдай жасау.
- STEM/STEAM, IT, робототехника және функционалдық сауаттылықты дамытуға баса назар аудару.

2. Жасанды интеллект (AI) және цифрлық технологияларды интеграциялау арқылы білім беру процесін трансформациялау және оқуды жақсарту

Оқу-тәрбие процесіне инновациялық технологияларды жүйелі түрде енгізу және пайдалану:

- Оқу-тәрбие процесіне жасанды интеллект және цифрлық технологияларды енгізуді кеңейту.
- Адаптивті білім беру платформалары мен интеллектуалды жүйелерді (AI негізінде) дамыту.

- Оқушылар мен мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру бойынша арнайы бағдарламаларды іске асыру.

3.Педагогтердің инновациялық құзыреттілігін және зерттеушілік әлеуетін жүйелі жетілдіру

Стратегия 1 және 2-ні жүзеге асыру үшін мұғалімдердің әлеуетін арттыруға бағытталған іс-шаралар:

- Инновациялық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін меңгерту бойынша кәсіби даярлық бағдарламаларын ұйымдастыру.
- Мұғалімдердің АТ технологияларды қолдануы мен АІ құзыреттілігін арттыру.
- Педагогикалық тәжірибе алмасу және үздік әдістерді тарату (Lesson Study) бойынша іс-шаралар өткізу.
- Мұғалімдердің кәсіби өсуіне жағдай жасап, ынталандыру жүйесін жетілдіру.

4.“Адал азамат” қағидаттары негізінде оқушыларға құндылықтарды дарыту және цифрлық дәуірдің жауапты азаматын қалыптастыру

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген, жауапты әрі саналы тұлғаны тәрбиелеу:

- Ұлттық мәдениетті және жалпыадамзаттық құндылықтарды білім беру мазмұны арқылы дарыту.
- Ұлттық мәдениетті және жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау мақсатында тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру.
- Әлеуметтік жауапкершілік, толеранттылық және азаматтық санаға тәрбиелеу.
- Оқушылардың эмоциялық және әлеуметтік дамуын қолдау жүйесін жетілдіру.
- Цифрлық қауіпсіздік және этикалық тәрбие беру.

5.Деректерге негізделген шешім қабылдау үшін ғылыми бағалау және мониторинг жүйесін қалыптастыру

Басқару шешімдерінің тиімділігін және оқу нәтижелерін объективті бағалауға арналған жүйені құру:

- Оқушылардың білім деңгейін кешенді, жүйелі бағалау және мониторинг жүйесін дамыту.
- Оқушылардың оқу жетістіктері мен 21 ғасыр дағдыларын заманауи, ғылыми негізделген әдістермен бағалауды енгізу.
- Мәліметке негізделген шешім қабылдау үшін аналитикалық құралдар мен платформа енгізу.
- Кері байланыс пен түзету әдістерін жүйелі қолдану арқылы оқу-тәрбие сапасын арттыру.

2.4. Білім беру процесінің мазмұнына ата-аналардың қанағаттануы.

Білім беру процесінің мазмұнына ана-аналардың қанағаттануы бойынша алынған келесі жайттар анықталды:

- мектептегі оқушылардың жайлылық жағдайын ұйымдастыруға қанағаттану- жоғары деңгейде

- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қанағаттану орташа деңгейде.
- тәрбие үдерісін және қосымша білім беруді ұйымдастыруға қанағаттануы -жоғары деңгейде
- мектептегі психологиялық климат – жақсы деңгейде
- ата-аналардың мектептегі басқарушылық үдерісіне қанағаттануы – орта деңгейде, мұны оқушылардың білім сапасының төмен болуымен және оқушылардың пәндік олимпиадалар мен ғылыми-жобаларға қатысу деңгейін төмендігін түсіндіруге болады.

2.5. Мектепке енгізілетін өзгерістердің күтілетін салдарының болжамы, өзгерістер тәсілдері мен нысандары

Мектепке енгізілетін өзгерістердің күтілетін салдарының болжамы (нәтижелер)

Бағдарлама сәтті іске асырылған жағдайда мектептің барлық қызмет салаларында келесідей сапалы өзгерістер орын алады:

| Сала | Күтілетін нәтижелер (Болжам) | Негіздемесі (Стратегия) |
|-----------------------|--|-------------------------|
| Білім сапасы | Орта буындағы білім сапасы 54,6%-дан 60%-дан жоғарыға көтеріледі. Пәндердегі оқылықтар жойылады. Оқушылардың жоғары деңгейдегі олимпиадаларға қатысу көрсеткіші артады. Оқу жетістіктерінің және халықаралық/ұлттық бағалаулар (PISA, TIMSS) бойынша көрсеткіштерінің тұрақты өсуі. | 1, 4 |
| Құзыреттілік | Оқушылардың 21 ғасыр дағдыларын (сыни ойлау, шығармашылық, командалық жұмыс) толық игеру деңгейінің айтарлықтай артуы. | 1 |
| Технология | Оқу процесінің AI және цифрлық технологияларды қолдану арқылы дербестендірілуі (адаптивті оқыту). Мұғалімдердің АКТ-ны сыни ойлауға бағыттау әдістемесін қолдану деңгейі 80% жетеді. | 2 |
| Педагогикалық кадрлар | Мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттілігі 70%-ға артады. Мұғалімдердің біліктілік санаты жоғарылайды. Білім беру мазмұнын жаңартуда пән мұғалімдері белсенді рөл атқарады. Мұғалімдердің инновациялық құзыреттілігі, зерттеушілік белсенділігі және AI құралдарын қолдану деңгейінің айтарлықтай өсуі. | 3 |
| Басқару | Мектепті басқару процесінің мәліметтерге негізделіп жүзеге асырылуы, шешім қабылдау тиімділігінің артуы. ПШТ және менторлық жүйесінің арқасында ұжымдық жұмыс 100% тұрақты болады. Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау тиімділігі артады. | 4 |

| | | |
|---------------|---|-------|
| Тәрбие | Оқушылардың азаматтық жауапкершілігі, әлеуметтік белсенділігі және цифрлық этикалық мәдениетінің қалыптасуы. | 5 |
| Мектеп имиджі | Оқушылардың білім алу мотивациясы жоғары деңгейге өтеді. Мектеп контингентінің азаюы тоқтап, мектеп имиджі жақсарады. І.Есенберлин ат. №15 орта мектептің аймақтық деңгейдегі инновациялық тәжірибелерді енгізуші және үздік тәжірибелерді таратушы үлгі-орталық ретінде танылуы. | Жалпы |

Өзгерістер тәсілдері (әдістемелік негіз)

Бағдарламаның стратегиялық міндеттерін іске асыру келесідей негізгі тәсілдер арқылы жүзеге асады:

| Тәсілдер | Сипаттамасы | Қамтылатын стратегия |
|--------------------------------|---|----------------------|
| Кешенділік және жүйелілік | Өзгерістерді мектептің жекелеген бөліктеріне емес, басқару, оқу, тәрбие процестерінің барлығына бір мезгілде және өзара байланыстыру арқылы енгізу. | Барлығы |
| Деректерге негізделген басқару | Кез келген басқарушылық шешімдерді субъективті пікірлерге емес, объективті бағалау және мониторинг нәтижелерінен алынған нақты мәліметтер негізінде қабылдау. | 4 |
| Тәжірибелік-зерттеушілік тәсіл | Мұғалімдерді Lesson Study (сабақты зерттеу) әдістері арқылы өзгерістерді сынақтан өткізуші және жетілдіруші (өзгерістің субъектісі) ету. | 3 |
| Цифрлық бейімделу | Жасанды интеллект және адаптивті платформалар арқылы оқу процесін әр оқушының қажеттілігіне, қарқынына және білім деңгейіне қарай бейімдеп, дербестендіру. | 2 |
| Құндылықтарды интеграциялау | Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жеке тәрбие сағаттарымен шектемей, оларды оқу мазмұнына және жобалық жұмыстарға толық енгізу. | 1, 5 |

Өзгерістер нысандары (нақты құрылымдар)

Енгізілетін өзгерістер мектепте келесідей нақты құрылымдық және ұйымдастырушылық нысандарда көрініс табады:

1. Инновациялық оқу ортасының нысандары (физикалық және виртуалды):
 - AI-ға негізделген адаптивті оқу платформаларының толыққанды жұмыс істеуі.
 - STEM/STEAM, робототехника және IT бағыттарына арналған заманауи зертханалар мен үйірмелердің кеңеюі.
 - Оқу процесінде виртуалды/толықтырылған шындық (VR/AR) құралдарының пайдаланылуы.

2. Педагогикалық ұйымдастыру нысандары:
 - Мұғалімдердің AI/Цифрлық құзыреттілігін арттыруға арналған үздіксіз кәсіби даму орталығының құрылуы.
 - «Lesson Study» және «Action Research» топтарының тұрақты жұмыс істеуі және нәтижелерін мектепшілік/мектепаралық деңгейде таратуы.
 - Мұғалімдерді инновациялық қызметке ынталандыруға арналған аттестаттау және ынталандырудың жаңа жүйесінің енгізілуі.
3. Басқару және бағалау нысандары:
 - Мектептің барлық мәліметтерін жинақтайтын және талдайтын аналитикалық басқару платформасының енгізілуі (4-стратегия).
 - Оқушылардың 21 ғасыр дағдылары мен құндылықтарын бағалауға арналған жаңа әдістемелер мен критерийлердің қабылдануы.
4. Тәрбие және әлеуметтік нысандар:
 - «Цифрлық қауіпсіздік» және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламалары негізінде іс-шаралардың ұйымдастырылуы.
 - Әлеуметтік жауапкершілікке баулитын мектепаралық волонтерлік және қоғамдық жобалардың жүйелі ұйымдастырылуы.

III-БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАЙЫМЫ

2030 жылға қарай «Ілияс Есенберлин ат. №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мұғалімдердің зерттеушілік рухы жоғары, оқушылардың сыни және шығармашылық ойлауы толық қалыптасқан, цифрлық және инновациялық технологиялар (AI, STEM/STEAM) оқу-тәрбие процесіне толық интеграцияланған, аймақтағы цифрлық-инновациялық үлгі ретінде танылған білім беру орталығы болады. Мектеп идеяларды тудыратын, тәжірибеде сынайтын және үздік нәтижелерді тарататын ортаға айналады. Мұғалімдердің ішкі ынтасы мен жоғары құзыреттілігі үйлесіп, әрбір оқушының жеке траекториясын құруға және оны 21 ғасырдың жауапты, инновациялық азаматы ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл пайым ата-аналармен тығыз серіктестік және деректерге негізделген басқару арқылы жүзеге асады.

IV-БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МИССИЯСЫ

«Ілияс Есенберлин ат. №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасының миссиясы әрбір мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін және зерттеушілік әлеуетін арттыруға бағытталған инновациялық және ашық орта құру арқылы оқушылардың сыни ойлау, цифрлық сауаттылық және 21 ғасыр дағдыларын дамытатын сапалы, бейімделген оқытуды, тәрбиелеуді және дамытуды қамтамасыз ету.

V-БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БЛОГЫ

5.1. Мектептің Қазақстанның орта білім беру жүйесіндегі орны және рөлі

«Ілияс Есенберлин ат. №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы деңгейінде қызмет атқаратын жалпы білім беретін мектеп үлгісі. Мектеп Қазақстан Республикасының Конституциясы мен "Білім туралы" Заңында бекітілген жалпыға міндетті орта білім беруді қамтамасыз етеді. Ол бастауыш, негізгі орта (5-9 сыныптар) және жалпы орта (10-11 сыныптар) білім берудің барлық деңгейлерін жүзеге асырады. Мектеп жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктің) басқаруында болады және мемлекеттік білім стандартын орындауға міндетті. Бұл мектептің әлеуметтік жауапкершілігі жоғары екенін көрсетеді. Қызмет көрсететін аумақтағы барлық балалардың әлеуметтік тегіне қарамастан, сапалы және инклюзивті білім алуға конституциялық құқығын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Мектеп оқу-тәрбие процесіне AI, STEAM, Робототехника сияқты заманауи технологияларды сынақтан өткізуші және енгізуші болады. Бұл Қазақстанның цифрлық білім беруді дамытудағы мемлекеттік бағытына толық сәйкес келеді. Мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттілігін арттыру, Lesson Study әдістерін жүйелі енгізу арқылы мектеп тек оқушыларды ғана емес, педагогикалық кадрларды дамытудың алаңы ретінде танылады. Инклюзивті ортаны құру, балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басымдық беру арқылы мектеп әлеуметтік функцияны сапалы атқарады. Сыни ойлау, цифрлық сауаттылық және командалық жұмысты дамытуға баса назар аудару арқылы мектеп оқушыларды жоғары білікті еңбек нарығына дайындауға тікелей үлес қосады.

5.2. Тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатындағы мектепті дамыту стратегиялары және кезендері

«Ілияс Есенберлин ат. №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасы мектептің әлеуетін толық іске асыру, білім беру сапасын арттыру және заманауи талаптарға сай келетін инновациялық білім беру ортасын қалыптастыру арқылы қоғам мен заман талаптарына жауап бере отырып, оқушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және әлеуметтік дамуын кешенді қамтамасыз етуге бағытталған. Бағдарлама 2025–2030 жылдар аралығында жүзеге асырылады және стратегиялық мақсатты жүзеге асыру үшін 5 негізгі стратегияны көздейді.

Стратегиялық мақсат:

Инновациялық технологияларды, жасанды интеллект мүмкіндіктерін оқу-тәрбие процесіне тиімді қолдану арқылы білім беру сапасын арттыру, 21

ғасыр дағдылары мен ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға қалыптастыру және дамыту.

| 1-стратегия: Оқуға қолайлы орта қалыптастыру, оқу мазмұнын инновациялық жетілдіру және 21 ғасыр дағдыларын дамыту арқылы білім сапасын арттыру | |
|---|---|
| 2025–2026 оқу жылы (негіз қалау кезеңі): | Оқыту мазмұнына талдау жасау Оқушылар мен мұғалімдердің технологиялық сауаттылығын арттыру мақсатында арнайы оқу-әдістемелік курстар ұйымдастыру. Жасанды интеллект негізінде адаптивті оқу жүйелерін енгізу және қолдануды дамыту. Интерактивті цифрлық құралдарды оқу бағдарламаларына интеграциялау. Project Based Learning мен зерттеушілік әдістерін бастауыш және негізгі мектепте сынамалы енгізу. Оқушылардың игерген 21 ғасыр дағдыларының деңгейін диагностикалау. |
| 2026-2027 оқу жылы (интеграциялау және жүйелеу кезеңі): | Сын тұрғысынан ойлауға және зерттеуге негізделген оқу әдістерін кеңінен қолдануды жүйелеу. |
| 2027-2028 оқу жылы (жетілдіру және кеңейту кезеңі): | Оқуға қолайлы ортаны құруға бағытталған жобаларды кеңейту. Оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға жағдай жасау. |
| 2028-2029 оқу жылы (тұрақтандыру кезеңі): | 21 ғасыр дағдыларын оқыту мазмұнының ажырамас бөлігі ету. Оқу мазмұны мен әдістерін жетілдірудің тұрақты механизмін орнату. |
| 2029-2030 оқу жылы (тұрақты даму кезеңі): | Сапалы білім беру арқылы оқушылардың жобалық және зерттеушілік жұмыстарының аймақтық, республикалық деңгейде танылуына қол жеткізу. |
| 2-стратегия: Жасанды интеллект (AI) және цифрлық технологияларды интеграциялау арқылы білім беру процесін трансформациялау және оқуды жақсарту | |
| 2025–2026 оқу жылы (негіз қалау кезеңі): | Оқушылар мен мұғалімдердің технологиялық сауаттылығын арттыру мақсатында арнайы оқу-әдістемелік курстар ұйымдастыру. Интерактивті цифрлық құралдарды сынамалы интеграциялау. |
| 2026-2027 оқу жылы (интеграциялау және жүйелеу кезеңі): | Жасанды интеллект негізінде адаптивті оқу жүйелерін енгізуді бастау және қолдануды дамыту. Оқу-тәрбие процесіне AI құралдарын (виртуалды ассистенттер) енгізуді кеңейту. |
| 2027-2028 оқу жылы (жетілдіру және кеңейту кезеңі): | Оқу нәтижелерін бақылау және олқылықтарды анықтау үшін AI-талдау жүйелерін дамыту. Адаптивті платформаларды пәндердің негізгі бөлігіне интеграциялау. |

| | |
|---|---|
| 2028-2029 оқу жылы (тұрақтандыру кезеңі): | Барлық пәндерде AI құралдарын жекелендірілген оқыту үшін толық қолдануды қамтамасыз ету. Цифрлық және интеллектуалды жүйелердің үздіксіз жұмысын тұрақтандыру. |
| 2029-2030 оқу жылы (тұрақты даму кезеңі): | Мектептегі AI экожүйесін институционалдандыру және үздік тәжірибелерді аймақтық/республикалық деңгейде тарату бойынша үлгі-орталық болу. |
| 3-стратегия. Педагогтердің инновациялық құзыреттілігін және зерттеушілік әлеуетін жүйелі жетілдіру | |
| 2025–2026 оқу жылы (негіз қалау кезеңі): | Инновациялық технологиялар және AI бойынша кәсіби даярлық бағдарламаларын пилоттық түрде ұйымдастыру. Lesson Study әдісін енгізу үшін базалық топтарды құру. |
| 2026-2027 оқу жылы (интеграциялау және жүйелеу кезеңі): | Мұғалімдердің инновациялық құзыреттілігін арттыруға бағытталған оқыту бағдарламаларын жүйелеу. Педагогикалық тәжірибе алмасудың (семинар, коучинг) жүйелілігін қамтамасыз ету. |
| 2027-2028 оқу жылы (жетілдіру және кеңейту кезеңі): | Мұғалімдердің зерттеушілік әлеуетін арттыру мақсатында Action Research жобаларын дамытуды ынталандыру. Инновациялық қызметке арналған ынталандыру жүйесін жетілдіруді бастау. |
| 2028-2029 оқу жылы (тұрақтандыру кезеңі): | Педагогтердің инновациялық құзыреттілігін және кәсіби өсуін қамтамасыз ететін ішкі жүйені (сараптамалық кеңес, шеберлік сыныптары) орнату. |
| 2029-2030 оқу жылы (тұрақты даму кезеңі): | Педагогикалық тәжірибе алмасу және үздік әдістерді тарату бойынша іс-шараларды тұрақты және аймақтық/республикалық деңгейде өткізу арқылы білікті мамандар орталығы ретінде танылу. |
| 4-стратегия. «Адал азамат» қағидаттары негізінде оқушыларға құндылықтарды дарыту және цифрлық дәуірдің жауапты азаматын қалыптастыру | |
| 2025–2026 оқу жылы (негіз қалау кезеңі): | «Адал Азамат» қағидаттарына негізделген тәрбиелік іс-шаралардың базасын қалыптастыру. Ұлттық мәдениет пен жалпыадамзаттық құндылықтарды оқу мазмұнына сынамамы енгізу. |
| 2026-2027 оқу жылы (интеграциялау және жүйелеу кезеңі): | Әлеуметтік жауапкершілік, толеранттылық және азаматтық санаға тәрбиелеу бағытындағы іс-шараларды жүйелі өткізу. Оқушылардың эмоциялық дамуын қолдау жүйесін жетілдіруді бастау. |
| 2027-2028 оқу жылы (жетілдіру) | Цифрлық қауіпсіздік және AI этикасы бойынша тренингтер мен «Жауапты цифрлық азамат» бағдарламасын енгізу. |

| | |
|--|---|
| және кеңейту кезеңі): | Құндылықтарды бекіту үшін мектепаралық әлеуметтік жобаларды бастау. |
| 2028-2029 оқу жылы (тұрақтандыру кезеңі): | «Адал азамат» қағидаттарын мектептің күнделікті жұмысына толық енгізу. Оқушылардың құндылықтық қарым-қатынас дағдыларын тұрақтандыру |
| 2029-2030 оқу жылы (тұрақты даму кезеңі): | Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, жауапты әрі жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру бойынша үздік тәжірибені тарату. |
| 5-стратегия: Деректерге негізделген шешім қабылдау үшін ғылыми бағалау және мониторинг жүйесін қалыптастыру | |
| 2025–2026 оқу жылы (негіз қалау кезеңі): | Оқушылардың білім деңгейін диагностикалау және пәндік білім сапасына талдау жасау. Мониторинг жүйесін құрудың базалық қағидаттарын анықтау. |
| 2026-2027 оқу жылы (интеграциялау және жүйелеу кезеңі): | 21 ғасыр дағдыларын өлшеуге арналған ғылыми негізделген әдістемелерді енгізу. Аналитикалық құралдар мен платформаны пилоттық түрде енгізуді бастау. |
| 2027-2028 оқу жылы (жетілдіру және кеңейту кезеңі): | Мәліметке негізделген шешім қабылдау үшін алынған мәліметтерді жүйелі түрде талдау және оқу-тәрбие сапасын жақсарту үшін қолдану. Кері байланыс пен түзету әдістерін жүйелі қолдануды қамтамасыз ету. |
| 2028-2029 оқу жылы (тұрақтандыру кезеңі): | Бағалау және мониторинг жүйесін мектеп басқаруына толық интеграциялау және автоматтандыру. Басқарушылық шешімдердің басым көпшілігін мәліметтерге негіздеуді қамтамасыз ету. |
| 2029-2030 оқу жылы (тұрақты даму кезеңі): | Бағалау жүйесін тұрақты жетілдіру және оны басқа мектептерге үздік үлгі ретінде тарату арқылы білім беру сапасын арттыру. |

5.3. Мектептің инновациялық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу

Мектептің инновациялық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу мақсаты-мұғалімдердің инновациялық құзыреттілігін, зерттеушілік дағдыларын және шығармашылық белсенділігін арттыру арқылы білім беру, тәрбиелеу және дамыту сапасын арттыру.

| | |
|--|---|
| 1. Кәсіби және зерттеушілік құзыреттілік бағыты | |
| 2025–2026 оқу жылы | «Инновациялық әдіскер» курсы енгізу (ғылыми-зерттеу жұмыстарына қабілеттілік, білімдер мен дағдыларды арттыру). Lesson Study тәсілін барлық пән бірлестіктеріне енгізу. |

| | |
|---|---|
| | STEM/STEAM бойынша оқу курстарын ұйымдастыру AI мүмкіндіктерін оқу-тәрбие үдерісіне енгізу: оқыту семинарларын ұйымдастыру, сабақта және сабақтан тыс жұмыста қолдану, оның тиімділігін бағалау |
| 2026–2027 оқу жылы | Әр мұғалімнің өз даму бағыты бойынша Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) жобаларын енгізуі. Инновациялық қызметті қамтамасыз ету үшін ғылыми әлеуетті дамыту (магистрлік зерттеулерге қолдау). |
| 2027–2028 оқу жылы | Мұғалімдердің инновациялық әзірлемелерін мектепшілік гранттар арқылы қолдау. Зерттеу нәтижелерін облыстық деңгейде тарату. |
| 2028-2029 оқу жылы | Педагогтердің зерттеу жұмыстарын бағалау және марапаттаудың тұрақты жүйесін қалыптастыру. |
| 2029-2030 оқу жылы | Зерттеушілік жұмыстарды институционалдандыру: «Мектептің ғылыми журналын» (онлайн/офлайн) тұрақты шығару. |
| 2. Әдістемелік интеграция және АКТ сыни ойлауға қолдану бағыты | |
| 2025-2026 оқу жылы | АКТ-ны сыни ойлауға бағыттау технологиялары бойынша міндетті тренингтер. AI/Цифрлық құралдарды (бейімделген оқыту) оқу процесіне сынамамы енгізу. |
| 2026-2027 оқу жылы | «IT-Challenge» әдістемелік байқауын өткізу (АКТ-ны сыни ойлауды дамытуда тиімді қолдану). Жаңашылдыққа деген қажеттілік пен шығармашылықты дамыту үшін тереңдетілген PBL/CLIL семинарлар |
| 2027-2028 оқу жылы | "Инновациялық сынып" жобасын іске қосу (АКТ, STEAM, AI жабдықталған). АКТ-ны эмоционалды қабылдауды арттыру үшін виртуалды/толықтырылған шынайылық (VR/AR) технологияларын зерттеу. |
| 2028-2029 оқу жылы | Барлық пәндерде АКТ-ны сыни ойлауды дамытуға бағыттау әдістемесінің тұрақты қолданылуын қамтамасыз ету. |
| 2029-2030 оқу жылы | Әдістемелік тәжірибені басқа мектептермен бөлісу: «Open Lesson» немесе «Digital Marathon» ұйымдастыру |
| 3. Басқару және командалық жұмыс бағыты | |
| 2025-2026 оқу жылы | «Проблеманы шешу топтарын» (ПШТ) құру, топ жұмысын ұйымдастыру (ұжымдық жұмысты күшейту). Инновациялық қызмет стратегиясының жобасын әзірлеу. |
| 2026-2027 оқу жылы | Инновациялық қызмет стратегиясын мектеп әкімшілігі деңгейінде бекіту және іске асыру. Басқа мектептермен жаңашылдықты енгізу бойынша ынтымақтастық туралы меморандумдар жасау. |
| 2027-2028 оқу жылы | ПШТ-ны тұрақты жұмыс істейтін топтарға айналдыру. «Педагогикалық менторлық» жүйесін енгізу. |
| 2028-2029 оқу жылы | Инновациялық қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында «Деректерге негізделген шешім қабылдау» моделін толық енгізу. |
| 2029-2030 оқу жылы | Мектептің инновациялық тәжірибесін қалалық/облыстық білім беру ұйымдарына таратудың тұрақты арналарын құру. |
| 4. Ата-ана және оқушылармен серіктестік | |
| 2025-2026 оқу жылы | Ата-аналардың мектепшілік мәселелерді шешуге қатысуын арттыру үшін "Ата-аналар кеңесінің" рөлін күшейту. |

| | |
|--------------------|---|
| 2026-2027 оқу жылы | Оқушылардың білім алу мотивациясын арттыру үшін инновациялық жобаларға белсенді қатыстыру. |
| 2027-2028 оқу жылы | «Баланың құзыреттілігін бағалау орталығын» құру (ата-аналардың қатысуымен). |
| 2028-2029 оқу жылы | Ата-аналарды инновациялық процеске тарту үшін «Цифрлық ата-ана» клубын тұрақты жүргізу. |
| 2029-2030 оқу жылы | Оқушылардың жобалық нәтижелерін көрсету арқылы олардың білім алу мотивациясын тұрақты жоғары деңгейде ұстап тұру. |

VI-БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

| № | Іс-шаралар/енгізілетін өзгерістер | Мақсаты | мерзімі | Үдеріске тартылатын тараптар | жауапты | Аяқталған құжат нысаны |
|--|---|---|----------------|------------------------------|---|------------------------|
| 2025-2026 оқу жылы | | | | | | |
| 1-мақсат: Оқуға қолайлы орта қалыптастыру, оқу мазмұнын инновациялық жетілдіру және 21 ғасыр дағдыларын дамыту арқылы білім сапасын арттыру | | | | | | |
| 1 | Оқу кеңістігін аймақтарға бөлу: Мектепте тыныш оқу аймағын, топтық жұмыс аймағын және зерттеу аймағын ұйымдастыру. Әр сынып кабинетінде «Оқуға ынталандыру бұрышын» ашу. | Оқушылар тыныш оқу аймағында өз бетімен кітап оқып, білімін тереңдете алады, бір-бірімен пікір алмасып, бірлесіп тапсырмалар орындайды, әжірибе жасап, ақпарат іздеп, ғылыми қызығушылығын дамытады | қыркүйек-мамыр | 5-9 сынып оқушылары | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог | фотоесеп, анықтама |
| 2 | Қауіпсіз және тыныш мектеп: «Қауіпсіз мектеп» апталығын (цифрлық қауіпсіздік, буллингтің алдын алу) өткізу және «Тыныш мектеп» жобасын (үзілістегі шуды азайту ережелері) енгізу. | Мектепте қауіпсіз, қолайлы және психологиялық жағымды орта қалыптастыру, оқушылардың цифрлық қауіпсіздік туралы білімін арттыру, буллингтің | қыркүйек-мамыр | 1-11 сынып оқушылары | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог | фотоесеп, анықтама |

| | | | | | | |
|---|---|---|------------------|---|---|---|
| | | алдын алу, сондай-ақ үзіліс кезіндегі шуды азайту ережелерін енгізу арқылы тыныш әрі тәртіпті мектеп мәдениетін дамыту. | | | | |
| 3 | Эмоционалды сауаттылық: Психологиялық қызметпен бірлескен «Эмоционалды сауаттылық» мини-сабақтары (5–9 сыныптарға) және оқушыларға мақсат қою дағдыларын үйрету семинарларын ұйымдастыру. | оқушылардың эмоционалды интеллектін дамыту, өзін-өзі реттеу және мақсат қою қабілеттерін арттыру | қыркүйек - мамыр | психологтар, класс жетекшілер, пән мұғалімдері, 5-9 сынып оқушылары | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог | семинар жоспары, фото есеп, қатысу парағы |
| 4 | Коммуникация және топтық жұмыс тренингтері: Оқушыларға арналған коммуникация дағдылары тренингі (дебат, public speaking) топтық жұмысқа арналған «Collaboration Lab» сессиялары. | оқушылардың қарым-қатынас, пікір білдіру және тпта жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру | қазан-сәуір | дебат клубы, 7-11 сынып оқушылары | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, дебат клубының жетекшісі | тренинг бағдарламасы, фотоесеп, анықтама |
| 5 | Кәсіптік бағдар және болашақ: «Мамандықтар картасы» интерактивті жобасын іске қосу (оқушыларға 21 ғасыр кәсіптері туралы модуль). | Оқушыларды ХХІ ғасырдың заманауи және болашақ мамандықтарымен таныстыру, олардың қызығушылықтары | қыркүйек - мамыр | психологтар, класс жетекшілер, пән мұғалімдері, | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар | семинар жоспары, фото есеп, қатысу парағы |

| | | | | | | |
|---|---|--|------------------------------|--|---|--|
| | | мен қабілеттеріне сәйкес кәсіби бағыт таңдауға көмектесу. Сонымен қатар еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы түсінік қалыптастырып, саналы түрде болашақ мамандығын жоспарлауға бағыт беру. | | 5-11 сынып оқушылары | ы, психолог | |
| 6 | Дағды диагностикасы: Оқушылардың игерген 21 ғасыр дағдыларының деңгейін диагностикалау (жылдық). | Оқушылардың дағдылар деңгейін анықтау және білім беру үдерісін жетілдіру | мамыр, 2026 | пән мұғалімдері, психолог, 5-11 сынып жетекшілері | әдістемелік бірлестік жетекшілері | диагностикалық талдау, есеп |
| 7 | STEAM/Робототехника инфрақұрылымы: STEAM лабораториясын жабдықтау және робототехника кабинетін жаңарту. | Оқушылардың инженерлік, зерттеушілік және шығармашылық ойлауын дамыту, практикалық дағдыларды қалыптастыру. | 2025 ж. қыркүйек – желтоқсан | Мектеп әкімшілігі, информатика, физика, математика мұғалімдері, демеушілер, IT маман | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, информатика пәні мұғалімі | STEAM лабораториясын жабдықтау актісі Фотоесеп, материалдық база тізімі |

| | | | | | | |
|----|---|--|--------------------------------|--|---|--|
| 8 | Интеграцияланған оқыту: 5–9 сыныптарға арналған «STEAM интеграцияланған тапсырмалар банкі» әзірлеу. | Пәнаралық байланыс негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен практикалық қолдану дағдыларын арттыру. | 2025 ж. қазан – 2026 ж. қаңтар | Пән мұғалімдері (математика, физика, информатика, жаратылыстану), ӘБ жетекшілері | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | «STEAM интеграцияланған тапсырмалар банкі» Әдістемелік нұсқаулық |
| 9 | Жобалық және зерттеушілік оқыту (PBL): Project Based Learning (PBL) және зерттеушілік әдістерін бастауыш және негізгі мектепте кезең-кезеңімен енгізу. Пәндердегі шығармашылық тапсырмалар үлесін 30%–ға дейін көтеру. 1 тоқсанда – 1 пәндік жобаны міндеттеу. | Жобалық және зерттеушілік оқыту (PBL) арқылы оқушылардың зерттеу жүргізу, мәселені шешу, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту, алған білімін өмірлік жағдайларда қолдану қабілетін қалыптастыру. | 2025ж. қараша -2026 ж.мамыр | Пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері, | Пәндік жобалар жинағы, PBL сабақ жоспарлары, оқушы жобаларының портфолиосы, жоба қорғау хаттамасы, мониторинг және талдау есебі. |
| 10 | PISA/TIMSS және проблемаға негізделген оқыту: PISA/TIMSS форматындағы тапсырмалар банкі құру және тәжірибеде қолдану. Математика, Физика және басқа пәндерде проблемаға негізделген оқытуды (Problem-Based Learning) енгізу. | Халықаралық зерттеулер форматында ойлау, талдау және шешім қабылдау дағдыларын дамыту. | 2025 ж. қараша – 2026 ж. сәуір | Математика, физика, химия, биология мұғалімдері, әдіскер | Оқу ісі жөніндегі орынбасар, пән мұғалімдері | PISA/TIMSS тапсырмалар банкі PBL сабақ жоспарлары Мониторинг нәтижелері |

| | | | | | | |
|----|---|---|----------------------------------|----------------------------------|--|---|
| 11 | Мұғалімдерді дамыту және интеграция: Әр пән бойынша «Инновациялық сабақ апталығын» (VR/AR, симуляторлар) өткізу. Әр мұғалімге «Сабаққа арналған 3 жаңа әдіс» челленджін енгізу. Сабақ жоспарларына медиасауаттылық элементтерін енгізу жөнінде коучингтер өткізу. | Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту, сабақ үдерісіне инновациялық әдістерді, VR/AR технологияларын және медиасауаттылық элементтерін енгізу арқылы оқытудың тиімділігін арттыру. | 2025ж. қазан - 2026 ж сәуір | Пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | «Инновациялық сабақ апталығы» бағдарламасы, коучинг материалдары, жаңартылған сабақ жоспарлары, «3 жаңа әдіс» челлендж нәтижелері, фото/бейне есеп. |
| 12 | Цифрлық интеграция: Оқулықтан тыс цифрлық ресурстар картасын жасау (BilimLand, Khan Academy, PhET). Интерактивті цифрлық құралдарды барлық пән бойынша оқу мазмұнына интеграциялау. | Оқу мазмұнын цифрлық ресурстармен байыту және оқытудың интерактивтілігін арттыру. | 2025 ж. қыркүйек – 2026 ж. мамыр | Барлық пән мұғалімдері, IT маман | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары | Цифрлық ресурстар картасы Интеграцияланған сабақ жоспарлары Қолдану мониторингі |
| 13 | Хакатон: 6–9 сыныптарға арналған мини-хакатон: «Оқудағы проблемаларды шешеміз» (шынайы мәселелерді шешуге бағытталған). | 6–9 сынып оқушыларының сыни ойлау, шығармашылық және командалық жұмыс дағдыларын дамыту арқылы оқу үдерісіндегі нақты | 2025 ж. қыркүйек – 2026 ж. мамыр | 6-9 сынып оқушылары | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, мектеп | Мини-хакатон бағдарламасы, қатысушылар тізімі, оқушы жобалары/шешімдері, бағалау парақтары, қорытынды |

| | | | | | | |
|--|---|---|----------------|------------------------|--|--|
| | | мәселелерді анықтап, оларды тиімді шешу жолдарын ұсынуға бағыттау. | | | координат оры | хаттама, фото/бейне есеп |
| 2-мақсат: Жасанды интеллект (AI) және цифрлық технологияларды интеграциялау арқылы білім беру процесін трансформациялау және оқуды жақсарту | | | | | | |
| 1 | «Білім берудегі жасанды интеллект» шағын курсы (Кіріспе) Мұғалімдерге арналған міндетті оқу-әдістемелік курс. AI-дың білім берудегі әлеуетін, этикасын және қауіпсіздігін оқыту. | Мұғалімдердің жасанды интеллекттің білім берудегі мүмкіндіктерін түсінуін қамтамасыз ету, AI құралдарын қауіпсіз және этикалық тұрғыда қолдану дағдыларын қалыптастыру. | Тамыз-қыркүйек | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Курс бағдарламасы, қатысушылар тізімі, оқу материалдары, сертификаттар, фотоесеп. |
| 2 | «ChatGPT EDU» практикалық тренингі: AI-ды сабақ жоспарлауға, кері байланыс беруге және жеке тапсырмалар әзірлеуге қолдану бойынша практикалық семинарлар. | Мұғалімдердің ChatGPT және генеративті AI құралдарын сабақ жоспарлауда, тапсырмалар әзірлеуде және оқушыларға кері байланыс беруде | қыркүйек | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Семинар-практикум бағдарламасы, тренинг материалдары, қатысушылар тізімі, үлгі сабақ жоспарлары, фотоесеп. |

| | | | | | | |
|---|--|---|------------------|--|---|---|
| | | тиімді қолдану дағдыларын дамыту. | | | | |
| 3 | 5-11 сынып оқушылары үшін «Киберқауіпсіздік» апталығы: Желідегі қауіпсіздік ережелері, жеке деректерді қорғау, буллингтің алдын алу. («Қауіпсіз мектеп» жобасымен интеграция). | Оқушыларға интернет кеңістігін қауіпсіз пайдалану мәдениетін қалыптастыру, цифрлық ортада жауапты мінез-құлық қалыптастырып, әлеуметтік желілерді, онлайн ойындарды және түрлі интернет қызметтерін қауіпсіз қолдану дағдыларын дамыту. | қыркүйек - мамыр | психологтар, класс жетекшілер, пән мұғалімдері, 5-11 сынып оқушылары | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог | семинар жоспары, фото есеп, қатысу парағы |
| 4 | АКТ-ны сыни ойлауға бағыттау тренингі: Цифрлық құралдарды (Jamboard, Padlet, т.б.) жай ақпарат беру үшін емес, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін қолдану технологиялары. | Мұғалімдердің цифрлық құралдарды тиімді пайдаланудың және оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту | қараша | пән мұғалімдері | директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, информатика пән мұғалімдері | тренинг, семинар, фотоесеп |

| | | | | | | |
|---|---|---|--------------------------------|---|---|---|
| 5 | 5–9 сыныптарға «Жасанды интеллект» курсы (Кіріспе модуль): AI-дың негіздері, оның қоғамдағы рөлі, алгоритмдер және болашақ кәсіптер. (5-9 сыныптарға арналған міндетті модуль). | Оқушыларға жасанды интеллекттің негізгі ұғымдарын, оның қоғамдағы рөлін, алгоритмдердің жұмыс принциптерін және болашақ кәсіптердегі маңызын түсіндіру арқылы олардың цифрлық және технологиялық сауаттылығын дамыту. | Қазан-желтоқсан | 5-9 сынып оқушылары | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, мектеп координаторы, педагог-кәсіби бағдар беруші | «Жасанды интеллект» курсының бағдарламасы, оқу-әдістемелік материалдар, сабақ жоспарлары, оқушылардың жобалық жұмыстары, фото/бейне есеп. |
| 6 | Виртуалды зертханаларды сабақтарға енгізу: Физика, химия, биология пәндерінде PhET және басқа VR Labs арқылы қауіпсіз және интерактивті тәжірибелер жасау. | Қауіпсіз, қолжетімді және интерактивті тәжірибелер арқылы пәнге қызығушылықты арттыру. | 2025 ж. қазан – 2026 ж. наурыз | Физика, химия, биология мұғалімдері, IT маман | Пән мұғалімдері, оқу ісі жөніндегі орынбасар | Виртуалды зертхана қолданылған сабақ жоспарлары Оқушы рефлексиясы Фото/бейне есеп |
| 7 | Пәндер бойынша AI қолдану картасын әзірлеу: Әр пән мұғалімінің өз сабақтарында AI құралдарын (бейімделген оқыту, генеративті AI) қолдану стратегиясын көрсететін жеке картасын жасауы. | Сабақ үдерісінде бейімделген оқыту мен генеративті AI мүмкіндіктерін қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістігін арттыру | қараша | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, пән | Генеративті AI) қолдану стратегиясын көрсететін жеке картасын жасау |

| | | | | | | |
|--|--|--|--------------------------------|--|---|--|
| | | стратегиясын қалыптастыру. | | | мұғалімде рі | |
| 8 | Bilimland AI: жеке оқу траекториясын енгізу: Bilimland платформасының бейімделген оқыту мүмкіндіктерін пайдаланып, оқушылардың жеке білім алу траекторияларын сынамамы енгізу. | Оқушылардың жеке қабілетіне сай оқуын қамтамасыз ету. | 2025 ж. қараша – 2026 ж. мамыр | Мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар | Оқу ісі жөніндегі орынбасар, пән мұғалімде рі | Жеке оқу траекториялары BilimLand аналитикалық есептері Оқу нәтижелерінің салыстырмалы талдауы |
| 9 | Online тест платформаларын енгізу: Бағалау тиімділігін арттыру үшін автоматты тексеру функциясы бар online тест платформаларын енгізу және оларды пайдалану бойынша коучинг. | Бағалау сапасын, жеделдігін және объективтілігін арттыру. | 2025 ж. қыркүйек – желтоқсан | Мұғалімдер, IT маман | Оқу ісі жөніндегі орынбасар | Online тест базасы Коучинг материалдары Қолдану есебі |
| 10 | «Цифрлық детокс» акциясы: Оқушыларды экран уақытын азайтуға және цифрлық құралдарды саналы түрде пайдалануға үйрету. | оқушылардың цифрлық гигиенасын қалыптастыру және экран тәуелділігін азайту | қаңтар | сынып жетекшілер, ата-аналар, оқушылар | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар ы | акция, фотоесеп, анықтама талдау |
| 3-мақсат. Педагогтердің инновациялық құзыреттілігін және зерттеушілік әлеуетін жүйелі жетілдіру | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|--|---|--------------------|------------------------|--|--|
| 1 | "Инновациялық әдіскер" курсы (I-модуль) Ғылыми-зерттеу жұмыстарына қабілеттілікті, білімдер мен дағдыларды арттыруға бағытталған кіріспе курс. | Мұғалімдердің инновациялық педагогикалық әдістерді меңгеруін және ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылығын арттыру. | Қыркүйек-желтоқсан | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Курс бағдарламасы, қатысушылар тізімі, сертификаттар, фотоесеп. |
| 2 | Lesson Study топтарын құру және оқыту Барлық пән бірлестіктеріне Lesson Study тәсілін енгізу. Топтарды құру, оларға зерттеу циклінің негіздерін түсіндіру бойынша бастапқы семинар. | Мұғалімдердің бірлескен зерттеу мәдениетін қалыптастыру және сабақ сапасын Lesson Study арқылы арттыру. | қыркүйек | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Lesson Study топтарының жоспары, қатысушылар тізімі, семинар материалдары. |
| 3 | Әр мұғалімге жылдық оқу картасын әзірлеу Әр мұғалімнің жеке қажеттіліктеріне және мектептің стратегиялық мақсаттарына негізделген жеке кәсіби даму жоспарын (оқу картасын) бекіту. | Мұғалімдердің жеке кәсіби дамуын жоспарлау және мектептің стратегиялық мақсаттарына сәйкес кәсіби өсу траекториясын қалыптастыру. | қазан | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Жеке кәсіби даму картасы, бекітілген жоспар. |

| | | | | | | |
|---|--|--|--------|------------------------|--|---|
| 4 | Мұғалімдердің зерттеу тақырыптарын бекіту Әр Lesson Study тобына немесе жеке мұғалімге нақты оқу проблемасына негізделген зерттеу тақырыптарын бекіту. | Оқу процесіндегі нақты мәселелерді анықтап, оларды ғылыми-зерттеу арқылы шешу бағыттарын айқындау. | қазан | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Бекітілген зерттеу тақырыптары тізімі, хаттама. |
| 5 | «Проблеманы шешу топтарын» (ПШТ) құру Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің білім беру процесіндегі күрделі мәселелерді ұжымдық шешуге арналған тұрақты жұмыс топтарын ұйымдастыру. | Мектептегі күрделі педагогикалық мәселелерді бірлесіп талдау және тиімді шешім қабылдау мәдениетін дамыту. | қазан | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Жұмыс топтарының құрамы, жұмыс жоспары, отырыс хаттамалары. |
| 6 | Шеберлік сағаттары және әдістемелік марафон Кәсіби қоғамдастықта үздік тәжірибелерді тарату мақсатында тәжірибелі мұғалімдердің шеберлік сағаттарын және пән мұғалімдеріне арналған әдістемелік марафонды өткізу. | Үздік педагогикалық тәжірибелерді тарату және мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін арттыру. | қараша | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Шеберлік сағаттарының бағдарламасы, материалдары, фотоесеп. |

| | | | | | | |
|---|---|--|-----------|------------------------|--|---|
| 7 | Зерттеу жазу бойынша нұсқаулық дайындау Lesson Study және Action Research нәтижелерін құрылымдап, жазуға арналған бірыңғай нұсқаулықты әзірлеу және тарату. | Lesson Study және Action Research нәтижелерін ғылыми талаптарға сай рәсімдеу дағдыларын қалыптастыру. | қараша | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Әдістемелік нұсқаулық, тарату материалдары |
| 8 | STEM/STEAM бойынша оқу курстары Жаңа STEAM/STEAM лабораторияларымен жұмыс істеуді және пәндерге интеграциялауды үйретуге бағытталған курстарды ұйымдастыру. | Мұғалімдердің STEAM технологияларын меңгеруін және пән сабақтарына тиімді интеграциялау дағдыларын дамыту. | желтоқсан | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Курс бағдарламасы, сертификаттар, фото/бейне есеп. |
| 9 | Кәсіби портфолионы бағалау жүйесін енгізу Мұғалімдердің кәсіби дамуын, зерттеу жұмыстарын және инновациялық әрекеттерін ескеретін жаңа портфолио бағалау критерийлерін бекіту. | Мұғалімдердің кәсіби жетістіктерін жүйелі бағалау және инновациялық қызметін ынталандыру. | қараша | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Бағалау критерийлері, портфолио үлгісі, бекітілген құжат. |

| | | | | | | |
|----|---|--|--------------|------------------------|--|--|
| 10 | Lesson Study / Action Research (10 зерттеу сабағы) Жоспарланған зерттеу тақырыптары бойынша Lesson Study циклдарының жүргізілуі және 10 пилоттық зерттеу сабағының (проблемалық пәндер, сыныптар бойынша) өткізілуі. | Сабақ сапасын арттыру мақсатында зерттеу сабақтарын өткізу және нәтижелерін талдау. | Қаңтар-мамыр | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | ерттеу сабақтарының жоспарлары, бақылау парақтары, талдау есебі. |
| 11 | Халықаралық вебинарлармен байланыс Мұғалімдердің әлемдік білім беру трендтерінен хабардар болуы үшін халықаралық әдістемелік вебинарларға қатысуын ұйымдастыру. | Мұғалімдерді халықаралық білім беру тәжірибелерімен таныстыру және кәсіби көкжиегін кеңейту. | наурыз | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Қатысу сертификаттары, вебинар материалдары. |
| 12 | «Үздік цифрлық мұғалім» байқауы Цифрлық технологияларды (AI, VR/AR, интерактивті құралдар) сабаққа тиімді интеграциялаған мұғалімдерді анықтау. | Цифрлық технологияларды тиімді қолданатын мұғалімдердің тәжірибесін анықтау және тарату. | сәуір | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Байқау ережесі, қатысушылар жұмыстары, марапаттау |

| | | | | | | |
|----|---|--|-------|------------------------|--|---|
| 13 | "Инновациялық әдіскер" курсы (II-модуль, қорытынды) Курстың қорытынды кезеңі және мектептегі инновациялық қызмет стратегиясының жобасын әзірлеу. | Мұғалімдердің инновациялық педагогикалық тәжірибесін жүйелеу және мектептің инновациялық даму стратегиясын қалыптастыру. | сәуір | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Қорытынды жоба, курс материалдары, сертификаттар. |
| 14 | Мұғалімдер жобалары көрмесі Оқу жылында жүргізілген Lesson Study, Action Research және басқа инновациялық жобалардың нәтижелерінің көрмесі/конференциясы. | Мұғалімдердің ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларының нәтижелерін таныстыру және тәжірибе алмасу. | мамыр | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Көрме бағдарламасы, жобалар жинағы, фотоесеп. |
| 15 | «Инновациялық мұғалім» номинациясы Оқу жылының қорытындысында зерттеу, инновациялық әдістеме және кәсіби даму бойынша жоғары жетістік көрсеткен мұғалімдерді марапаттау. | Инновациялық әдістерді тиімді қолданған және кәсіби дамуда жоғары нәтиже көрсеткен мұғалімдерді ынталандыру. | мамыр | Барлық пән мұғалімдері | Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері | Марапаттау хаттамасы, дипломдар, фотоесеп |

4-мақсат: «Адал азамат» қағидаттары негізінде оқушыларға құндылықтарды дарыту және цифрлық дәуірдің жауапты азаматын қалыптастыру

| | | | | | | |
|---|--|---|---------------|------------------------|---|---|
| 1 | “Адал Азамат” қағидаттарына негізделген тәрбиелік іс-шаралардың базасын қалыптастыру. | Тәрбиенің жүйелілігін қамтамасыз ету. | қыркүйек | Барлық пән мұғалімдері | Директордың тәрбиелік жұмысы жөніндегі орынбасары, ӘБ сынып жетекшілері | анықтама, фотоесеп |
| 2 | «Құндылықтар интеграциясы: 1 сабақ, 1 құндылық» семинары | Мұғалімдерге белгілі бір құндылықты өз пәнінің нақты бір сабағына қалай және қандай әдіспен енгізу керектігін үйрету. | қараша, ақпан | Барлық пән мұғалімдері | Директордың тәрбиелік жұмысы жөніндегі орынбасары, ӘБ сынып жетекшілері | Семинар, сертификаттар, анықтама, фотоесеп |
| 3 | Ата-аналардың мектепшілік мәселелерді шешуге қатысуын арттыру үшін "Ата-аналар кеңесінің" рөлін күшейту. | Ата-аналарды мектептің серіктесі ретінде тартып, мектеп мәселелерін бірлесіп шешу жүйесін қалыптастыру. | жыл бойы | 1-11 сынып ата-аналары | Директордың тәрбиелік жұмысы жөніндегі орынбасары, ата-аналар | кеңестің жұмысын талдау, анықтама, фотоесеп |

| | | | | | | |
|---|---|--|------------------|--|---|-----------------------------|
| 4 | Тұтас тәсілді енгізу: Тәрбие жұмысын жоспарлауға барлық қатысушыларды (педагог, ата-ана, оқушы) тартуды бастау. | Тәрбие жұмысын жоспарлау және жүзеге асыру процесіне барлық қатысушыларды — педагогтарды, ата-аналарды және оқушыларды тарту арқылы тәрбиенің тұтас, жүйелі және тиімді моделін қалыптастыру. | тоқсан сайын | 1-11 сынып ата-аналары, мектеп ұжымы, оқушылар | Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, ата-аналар, сынып жетекшілер | жоспарлау, талдау, фотоесеп |
| 5 | Сынып-менторлық жүйе: Тәрбие сағаттарын тәрбие процесінің ажырамас бөлігі ретінде бекіту. | Оқушылардың мектеп пен сыныптағы жағымды психологиялық ортаны нығайту мақсатында тәрбие сағаттарын сынып-менторлық жүйе арқылы тәрбие жұмысының тұрақты әрі маңызды бөлігі ретінде жүйелі түрде ұйымдастыру. | жыл бойы | сынып жетекшілер, оқушылар | Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, мектеп психологтары | анықтама, фотоесеп |
| 6 | Құндылықтарды ашу: 6 негізгі құндылықты тақырыптық айларға бөліп, тәрбие сағаттарының мазмұнына енгізу. | 6 негізгі құндылықты тақырыптық айларға бөліп, оларды тәрбие сағаттарының | қыркүйек, қаңтар | сынып жетекшілер ӘБ | жоба жетекшілері | анықтама, фотоесеп |

| | | | | | | |
|---|---|---|----------|------------------------|---|-------------------------------------|
| | | мазмұнына жүйелі түрде енгізу арқылы оқушылардың адамгершілік, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру. | | | | |
| 7 | Бастапқы интеграция: Құндылыққа бағытталған тәсілдерді негізгі оқу пәндеріне енгізу. | Негізгі оқу пәндерінің мазмұнына кіріктіру арқылы білім беру мен тәрбиені өзара байланыстыра отырып, жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық және адалдық сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру. | қыркүйек | Барлық пән мұғалімдері | Директордың тәрбиесі жұмысы жөніндегі орынбасары, ӘБ сынып жетекшілері, | анықтама, фотоесеп |
| 8 | Негізгі жобаларды іске қосу: «ҚАМҚОР» (Волонтерлік), «ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» (Кәсіби бағдар), «SMART BALA» (Инновация) жобаларын бастау. | Оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін, еңбекке құрметін және шығармашылық-инно | мамыр | 1-11 сынып оқушылары | Жоба жетекшілері, сынып жетекшілері | Қорытынды жоба, жұмыстарды, талдау. |

| | | | | | | |
|----|--|--|------------------|-------------------------------|--|--|
| | | <p>вациялық ойлауын дамыту мақсатында жобаларды мектеп деңгейінде ұйымдастырып, жүйелі түрде жүзеге асыру.</p> | | | | |
| 9 | <p>Профилактикалық іс-шаралар: «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» және «Буллингтен қорған!» жобаларын жүргізу</p> | <p>Буллинг пен кибербуллингтің алдын алып, оқушылар арасында өзара құрметке, қауіпсіз әрі қолдау көрсететін білім беру ортасын қалыптастыру.</p> | <p>әр тоқсан</p> | <p>5-11 сынып оқушылары</p> | <p>Директордың тәрбиесі жұмысы жөніндегі орынбасары, ӘБ сынып жетекшілері, мектеп психологтары</p> | <p>жоба жұмыстары, анықтама, фотоесеп.</p> |
| 10 | <p>Ашық қарым-қатынас: Ата-аналармен ашық және позитивті қарым-қатынасты дамыту</p> | <p>Ата-аналармен ашық, сенімді және позитивті қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.</p> | <p>сәуір</p> | <p>1-11 сынып ата-аналары</p> | <p>Директордың тәрбиесі жұмысы жөніндегі орынбасары, ата-аналар</p> | <p>анықтама, фотоесеп</p> |

| | | | | | | |
|----|---|---|----------------------|--------------------------------------|---|--------------------|
| 11 | «Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығының» жұмысын жүргізу | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, бала тәрбиесі мен дамуы мәселелері бойынша кеңес беру арқылы отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту және оқушылардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру. | ай сайын | 1-11 сынып ата-аналары мен оқушылары | Директордың тәрбиесі жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, мектеп психологтары | анықтама, фотоесеп |
| 12 | Оқушыларға арналған EQ тренинг | Оқушылардың эмоционалды қабілеттерін дамыту арқылы өз эмоцияларын тану, басқару және басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас орнату дағдыларын қалыптастыру. | тоқсан сайын | 1-11 сынып оқушылары | мектеп психологтары | анықтама, фотоесеп |
| 13 | «Қиын оқушылар» картасын жүргізу | оқушылардың тұлғалық, эмоционалды және мінез-құлық ерекшеліктерін | 1-11 сынып оқушылары | ай сайын | Директордың тәрбиесі жұмысы жөніндегі орынбасар | анықтама, фотоесеп |

| | | | | | | |
|---|---|--|------------------------|------------------|---|--------------------|
| | | жүйелі түрде бақылау арқылы проблемалық мінез-құлық көрсететін немесе оқудағы қиындықтарға ұшырайтын оқушыларды анықтап, оларға дер кезінде психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік қолдау көрсету. | | | ы, сынып жетекшілер, мектеп психологтары | |
| 14 | Ата-аналарға арналған киберқауіпсіздік тренингі | Ата-аналарды интернеттегі негізгі қауіп-қатерлер (буллинг, алаяқтық, жеке деректердің ұрлануы) туралы хабардар ету. | 1-11 сынып ата-аналары | I,II жартыжылдық | Директордың тәрбиесі жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, мектеп психологтары | анықтама, фотоесеп |
| 5-мақсат: Деректерге негізделген шешім қабылдау үшін ғылыми бағалау және мониторинг жүйесін қалыптастыру | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|--|---|----------|---|--|---|
